

## KÚN TÁRTIBI

### ТҰРҒЫНДАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

2-бет

## KELBET

### АБЫРОЙ БИГІНДЕ

3-бет

## DIDAR

### ҰЛТ РУХЫНЫҢ ШЫРАҚШЫСЫ ЕДІ

4-бет

## TIRSHILIK

### СУ ҚАТЕЛІКТІ КЕШІРМЕЙДІ

7-бет

## «ӘР АЗАМАТТЫҢ МҮДДЕСІН ҚОРҒАУ – БАСТЫ МАҚСАТЫМ»

### Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Республикасының сайланған Президенті қызметіне ресми кірісу рәсіміндегі сөйлеген сөзі

#### Аса қадірлі Елбасы! Құрметті отандастар!

Ең алдымен, маған зор сенім артып, қолдау көрсеткен барша Қазақстан халқына алғыс айтамын!

Бұл сайлау, шын мәнінде, демократия талаптарына сай өтті. Сайлау алаңында, нағыз ашық бәсекеге түсу мүмкіндігі болды.

Барлық саяси күш өкілдері қатысты. Саяси бағдарламалар сайысқа түскен әділ дода болды.

«Сайлау – бұл қатысушылардың пікірі ғана жеңіске жететін жарыс» – дейді.

Расында, әділ пікір.

Осы өте маңызды саяси бәсекеде біздің халқымыздың даналығы, парасаты жеңді.

Сондықтан бұл жеңіс – халқымыздың жеңісі!

Біз бір ел болып, халық болып Қазақстанның алдағы даму жолын бірге айқындадық.

9 маусымда Қазақстанның жарқын болашағы үшін дауыс берген Әрбір азаматтың пікірі – Біз үшін өте маңызды!

Өйткені, халқымыздың татулығы, ынтымағы, бірлігі – біздің ең басты құндылығымыз.

Осы құндылықты көздің қарашығындай сақтау – баршамаңызға ортақ парыз.

Сондықтан, Президент ретінде халқымызға мынаны айтығым келеді:

Еліміздің әр азаматының мүддесін қорғау – менің басты мақсатым. Оларды саяси көзқарастары мен ұстанымдарына қарай бөлуге жол бермеймін!

Түрлі саяси және қоғам қайраткерлерінен келіп түскен құнды ұсыныстарды, бастамаларды мен өз жұмысыма міндетті түрде ескеремін.

Ашық және әділ жұмыс істеймін.

Біз үшін ең маңызды міндет – заңға сай адал қызмет ету.

Біздің бір ғана Отанымыз бар!

Тағдырымыз – бір!

Біз халқымыздың жарқын болашағы үшін беріміз бірге еңбек етеміз!

Ақиқатын айтуымыз керек, бұл сайлауда біздің азаматтарымыз Елбасының стратегиялық бағдарын қолдап дауыс берді!

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев бүкіл әлем мойындаған даму моделін жасады.

Қазақстанның көк туын дүние жүзінің түкпір-түкпірінде желбіретті.

Осы күндері менің атыма азаматтарымадан көптеген өтініш-тілектер келіп тұсады.

Олардың біріне ортақ бір ғана тілек бар: Елбасымыздың жолын, Стратегиясын сақтау және оны одан әрі нығайту.

Шын мәнінде, халықтың Дәл осындай өтініш-тілек айтуы – заңды, орынды.

Себебі, қазіргі дамыған Қазақстан – бұл, ең алдымен, Елбасының арқасы.

Елбасы – қазақ мемлекетінің негізін қалаушы ұлы тұлға. Ол жаһандық деңгейдегі мемлекет қайраткері.

Әлем тарихына дәл осылай жазылды.

Елбасының халқымыз үшін және әлем қауымдастығы үшін сіңірген орасан зор еңбегін Әрқашан құрметтеу – берімізге ортақ парыз.

#### Дорогие сограждане!

В ходе выборной кампании я посетил большинство регионов страны.

Моя политическая платформа – это ответ на главные запросы наших граждан.

Прежде всего, я буду работать над реализацией Третьей модернизации Казахстана, претворением в жизнь Пяти институциональных реформ и других важнейших стратегических документов нашего государства.

Другими словами, я буду работать над реализацией Стратегии Елбасы.

Чтобы страна смогла выйти на новый уровень устойчивого развития, нужны новые подходы и новые решения. Они в скором времени будут обнародованы.

Во-вторых, планирую конкретно заняться решением острых социальных проблем, оказанием помощи наиболее нуждающимся.

Правительству поручено подготовить меры для достижения ощутимых результатов в этой сфере. Нам нужно серьезно обновить социальную политику.

В-третьих. Буду поддерживать казахстанских предпринимателей, привлекать и защищать инвестиции, стимулировать деловую активность, формировать широкий средний класс.

В-четвертых. Моя цель – обеспечить единство общества и защищать права каждого гражданина.

И, наконец, главное. Всегда и везде буду отстаивать национальные интересы Казахстана.

Сегодня мир вступил в эпоху стремительных перемен.

Меняются технологии, экономика и социальный порядок. Меняется мировоззрение людей, особенно молодежи.

Перед Казахстаном встают новые вызовы и угрозы. Многие годы занимаясь международной политикой, я ощущаю наступление новой эпохи.

Торговые войны, напряжение в международных отношениях, слом прежних механизмов безопасности, рост региональных конфликтов – все это новая геополитическая реальность.

В предстоящие несколько лет будет решен главный вопрос современности: какие страны сумеют встроиться в прогресс, а кто окажется на обочине мирового развития.

Экономический, социальный и политический прогресс – это наш единственно правильный ответ на вызовы современности.

Мы открыты миру, стремимся к лучшим достижениям, передовым технологиям. Социальные перемены на благо людей – вот мое понимание прогресса.

При этом, власть обязана слышать запросы людей, решать проблемы на местах, регулярно отчитываться перед гражданами.

Не обещать, а делать! Такого правила должны придерживаться все члены Правительства и акимы.

Для меня как Президента самым важным являются не общие цифры экономического развития, а реальное благосостояние всех наших граждан.

Поэтому при принятии решений по стратегическим вопросам позиция большинства населения будет безусловно учитываться.

Наша формула государственной власти: сильный, полномочный Президент – влиятельный, дееспособный Парламент – подотчетное народу Правительство.

Именно такая политическая система наиболее полно соответствует потребностям нашего государства в сложных геополитических реалиях, способствует выполнению стоящих перед нами стратегических задач.

В то же время процесс политической трансформации общества будет продолжаться.

Политическая надстройка должна соответствовать глубоким экономическим преобразованиям, в противном случае может произойти торможение реформ.

Об этом убедительно говорит мировой опыт.

В систему государственного управления должны приходить только достойные, образованные люди на основе меритократии. Другого принципа подбора кадров быть не может.

В целом, нам предстоит повысить ответственность власти перед народом. Особое внимание будет уделено развитию гражданского общества.

#### Қадірлі қауым!

Менің сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарым – бұл үлкен міндеттің алдындағы халықпен кеңесу болды.

2019 жылдың 13 мамырында #BIRGE жалпыхалықтық акциясы басталды.

Оның басты мақсаты – ел дамуындағы ең маңызды міндеттерді анықтау.

Қазақстанның барлық аймақтарынан түрлі ұсыныстар жиналды.

Бүгінге дейін 540 мыңға жуық ұсыныс-тілек келіп түсті.

#BIRGE акциясына қатысып, азаматтық белсенділік танытқан барша халыққа шын жүректен алғысымды білдіремін.

Енді біз қоғамдағы өзекті мәселелерді айқын көріп отырмыз.

Оның шешу жолдарын білеміз.

Бүгін халықты, ең алдымен, не мазалайды?

Ең бірінші, азаматтар барлық жерде әділдік орнатын қалайды.

Әлеуметтік саясаттан бастап мемлекеттік органдардың халыққа әділ қызмет көрсетуін талап етеді.

Халықты толғандырып отырған басты мәселе – табыс көлемінің азаюы.

Халықаралық қаржы нарықтарының тұрақсыздануы, теңгенің девальвациясы халықтың табысына кері әсер етті.

Миллионнан астам азаматтарымыз банктен несие алуға мәжбүр болды.



Табысы жоғары және төмен азаматтардың арасындағы алшақтық – біздің қоғамды мазалайтын тағы бір өзекті мәселе.

Әрине, мұндай құбылыстар бүкіл әлемде бар, дегенмен тоқмәйілісіп отыра беруге болмайды.

Сондықтан, дәл осы өткір әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселені шешу үшін ортамерзімді кешенді шаралар қабылдау қажет.

Қоршаған ортаның қазіргі мүшкіл хәлі – көпшіліктің көкейіндегі мәселе.

Сондықтан елімізге бірыңғай экологиялық саясат қажет.

Қоршаған ортаны қорғау жүйесіне серпін беретін жаңа Экологиялық кодекс қабылдау керек.

Келесі өзекті мәселе – халықты сумен қамтамасыз ету.

Таза ауыз су әрбір үйде, әрбір отбасында болуы міндет.

Тағы бір маңызды, халықты мазалайтын мәселе. Бұл – жолдардың сапасы.

Сол себепті автожолдардың жағдайын жақсарту – біздің негізгі мақсаттарымыздың бірі.

Масштабной задачей в реалиях XXI века является цифровизация.

Она должна затронуть все сферы жизни: от оказания государственных услуг до создания новых отраслей экономики будущего.

Развитие страны, включая политический прогресс, прямо связан с цифровизацией.

Она качественно изменит содержание отношений между государством и обществом.

Поэтому утвержденная Елбасы государственная программа «Цифровой Казахстан» должна быть исполнена.

Наших граждан сильно волнует развитие диалога власти и общества.

Такой диалог должен строиться на признании плюрализма мнений. Разные мнения, но единая нация. Вот главный ориентир.

Поэтому я решил создать Национальный Совет общественного доверия.

В Совет войдут представители всего общества, включая молодежь.

Первое совещание Национального Совета общественного доверия будет проведено в августе этого года.

Власть обязана выполнять свои обещания перед народом. В этом заключается ее главная миссия. Только так можно укрепить единство нации и стабильность в стране.

Поэтому будет разработан предметный План реализации моей предвыборной Программы.

Лучшие идеи, предложения от народа найдут свое отражение в этом документе.

Келесі маңызды бағыттарға баса мән беріміз керек.

#### Бірінші бағыт. Халықтың табысын арттыру.

Тұрақты және қарқынды экономикалық өсім арқылы ғана бұл мәселені шешуге болады.

Ең алдымен, өсім бізге не үшін қажет екенін терең түсінуіміз керек.

Азаматтарымыз өз елінде алаңсыз өмір сүріп, еңбек етіп, ұрпағын тәрбиелеп, халқымыздың жетістіктеріне бірге қуанып, мақтан тұту үшін Экономикалық өсім болуы тиіс.

Таяу арада Үкіметтің кеңейтілген отырысында біз еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына арналған нақты міндеттерді айқындаймыз.

Екінші бағыт. Сыбайлас жемқорлықты жою.

Бірінші қыркүйекке дейін жемқорлықтың деңгейін мейлінше төмендетуге бағытталған реформалар топтамасы дайындалады.

Жемқорлық – мемлекеттің дамуын тежейтін кесел. Бұл қоғамдағы өзара сенімге, жалпы мемлекетіміздің қауіпсіздігіне қатер төндіретін құбылыс.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүйелі жұмыс жүргіземіз.

Үшінші бағыт. Сот және құқық қорғау жүйесін реформалау.

Сот – заң үстемдігінің кепілі. Сондықтан судьялар жоғары кәсіби және адамгершілік талаптарына сай болуы – бұл үлкен міндет.

Судьялар мен осы қызметке үміткерлерді бағалау және іріктеу жүйесін қатаңдату керек.

Сот – әділдіктің соңғы шегі болуы тиіс.

Құқық қорғау жүйесінің басты міндеті – халықтың сеніміне ие болу.

Төртінші бағыт. Жаңа жұмыс орындарын ашу және халықтың лайықты жалақымен қамту.

Ұлттық табысты әділ бөлу мәселесі бұл – стратегиялық маңызды дүние.

Мемлекеттік бюджеттің қаражатын, ең алдымен келешегі зор мақсаттарға және жаңа жұмыс орындарын ашуға бөлу қажет.

Бесінші бағыт. Тұрғын үй мәселесін шешу.

Түрлі санаттағы азаматтардың қолжетімді баспанға ие болуына айрықша назар аударамын.

Біздің алдымызда Бірыңғай тұрғын үй саясатын жасақтау міндеті тұр.

Үкімет осы бағытта нақты шаралар қабылдайды.

Алтыншы бағыт. Әділетті әлеуметтік саясат.

Біз адам капиталын дамыту саясатын жалғастырамыз.

Бұл бағытта, ең алдымен, не істейміз қажет?

Жаппай білім беруді қолдау.

Барлық тұрғындарға сапалы медициналық қызмет көрсету.

Бұл мәселелер бойынша біздің тұтас бағыт-бағдарымыз бар.

Біз мұғалімдердің және дәрігерлердің мәртебесін көтеретін жаңа заңдар қабылдаймыз.

Олардың құқығын қорғап, материалдық жағдайын жақсарту үшін тиісті жағдай жасаймыз.

Жетінші бағыт. Өңірлерді дамытудың жаңа бағдары.

Біздің қағидамыз баршаңызға мөлім: Қуатты аймақтар – Қуатты Қазақстан.

Азаматтарымызды толғандырып нақты мәселелер жергілікті деңгейде шешілуі тиіс.

Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін нығайтамыз.

Аймақтағы қордаланған мәселелерді шешуге халық белсене араласатын болады.

Сегізінші бағыт. «Рухани жаңғыру» құндылықтары біздің басты рухани бағдарымыз болып қала берсін.

Тарихқа құрметпен қарау, Отанға адал болу, ғылым-білімге деген ұмтылыс – мұның барлығы біздің халқымыздың бойындағы асыл қасиеттер.

Бұл қасиеттер біздің халқымыздың бірлігін және ұлтымыздың жасампаздығын нығайтады, бәсекеге қабілетті ел болуға жол ашады.

Қазақстанды болашаққа бастайтын – жастар.

Сондықтан бұл бағдарламаны жас ұрпақты тәрбиелеуге бағыттауымыз қажет.

Девятто. Внешняя политика.

Казахстан завоевал большой авторитет в мире, утвердил себя как миролюбивая, открытая страна, надежный и ответственный партнер в международных делах.

Мы продолжим конструктивный, сбалансированный, многовекторный внешнеполитический курс.

Будем твердо продвигать и отстаивать национальные интересы на мировой арене.

Внешнеполитическая деятельность страны будет приносить конкретные выгоды стране, национальному бизнесу, каждому гражданину.

Десятто. Особо хочу обратиться к молодому поколению.

Вам предстоит сыграть решающую роль в развитии Казахстана, стать движущей силой прогресса.

Елбасы объявил 2019 год Годом молодежи. Начал работать специальный проект «Жастар – ел тірегі».

Мы реализуем программу развития бизнес-инициатив молодежи «Жас кәсіпкер», будем поддерживать молодежные стартапы. Внедрим программы трудоустройства молодежи.

Моя задача – создать все возможности, чтобы вы реализовали свою самую большую мечту и создали свою личную историю успеха».

Для продвижения молодых талантливых управленцев на все уровни государственной службы будет сформирован «Президентский кадровый резерв».

Наша молодежь целеустремленная, трудолюбивая, креативная, поэтому будущее Казахстана в надежных руках.

#### Қымбатты отандастар!

Алдымызда ауқымды жалпыхалықтық міндеттер тұр.

Мақсатымыз – айық, жолымыз – ашық! Қазақстан жаңа мүмкіндіктер мен перспективалар еліне айналды.

Оның игілігін жастар мен келешек ұрпақ көреді.

Біз – балалар дәстүрін қастерлейтін, жаһанның озық жетістіктерін ұмтылатын халықпыз.

Бұл – біздің күш-қуатымыздың дінгеі.

Біз алдымыздағы барлық қиындықтарды бірге еңсереміз.

Біз қуатты әрі гүлденген Қазақстанның өркендеуі үшін Бірге еңбек етеміз.

Антқа адал болу, сертке берік болу – менің халық алдындағы парызым.

Қазақстанның жарқын болашағы үшін, халық үшін аянбай еңбек етуге серт беремін.

Баршаңызға амандық, құт-береке тілеймін.

Қасиетті Отанымыз – Қазақстан Республикасы жасай берсін!

#### Құрметті мемлекеттік қызметшілер!

Сіздерді шын жүректен кәсіби мереке – Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілер күнімен құттықтаймыз!

Мемлекеттік қызметшінің кәсіби мерекесі күнін белгілеу – мемлекеттік билік және басқару органдарының атқаратын рөлінің аса маңыздылығының тағы бір дәлелі. Мемлекеттік қызметті атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады.

Өздерінің күнделікті адал еңбегімен стратегиялық мемлекеттік міндеттерді жүзеге асыруға үлкен үлес қосып жүрген мемлекеттік қызмет кадрларының негізгі өзегі әкімшілік мемлекеттік қызметшілер болып табылады. Жаңа буын өкілдері де қалыптасып, мемлекеттік басқару ісіне кірісіп кетті, олар – Жаңа Қазақстанның үкілеген үміттері.

#### Қадірлі мемлекеттік қызметшілер!

Өз тағдырын тапсырып, құзыреттілігіңіз бен кәсібилігіңізге сенім артқан адамдарға қызмет етуден асқан құрметті қызмет жоқ. Қаламыздың және бүкіл елдің тиімді дамуы Сіздердің жұмысыңыздың сапасына, тәжірибеңізге, талпынысыңыз бен ынта-жігеріңізге тікелей байланысты.

Сіздерге зор денсаулық, амандық, жақсылық пен бейбітшілік, даналық пен шыдамдылық тілейміз! Еңбегіңіздің мемлекеттің даму процесіне қатыстылығы мен өзіңіздің қоғамдағы өз роліңізді сезінуі Сіздерге қуаныш әкелсін және одан әрі жетістіктерге жету үшін ынталану тетігі болсын!

Жезқазған қаласының әкімі Қ.БЕГІМОВ  
Қалалық мәслихат хатшысы С.МЕДЕБАЕВ

#### Құрметті ішкі істер органдарының қызметкерлері мен ардагерлері!

23 маусым күні Қазақстан полициясы өзінің кәсіби мерекесін атап өтеді. Еліміздің ішкі істер органдары қазіргі таңда даңқты дәстүрлерімізді сақтай отырып, әлемдік озық тәжірибелі жинақтау арқылы үлкен жолдан өтті дегуге болады.

Полициядағы жұмыс күрделі әрі қауіпті және күнделікті жауапкершілік жүгін көтеру әркімнің үлкен күш-жігерін қажет етеді. Азаматтардың құқықтарын қорғау жолында көз келген уақытта қарулы қылмыскерге қарсы тұруға дайын болу керек. Сондықтан біз өз батырларымызды қашанда мақтан тұтамыз.

Әскери және қызметтік борышын үлгілі орындағаны, заңдылық пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету кезіндегі батылдықты мен жанқиярлық ерліктері үшін ішкі істер органдарының мыңдаған қызметкерлері мен әскери қызметшілер мемлекеттік наградаларға и

ҚАЛАЛЫҚ ӘКІМДІКТЕ

ТҰРҒЫНДАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Жезқазған қаласының әкімі Қайрат Бегімов тұрғындарды жеке сұрақтары бойынша қабылдады. Қабылдауға барлығы 11 қала тұрғыны жазылған.



Тұрғындар көтерген мәселелердің дені коммуналдық сала қызметіне байланысты еді. Мұрат Тұрғанбеков бастап келген Есенберлин көшесінің тұрғындары осы көшедегі 23-үйдің маңындағы аулашәлілік жол жөндеуіне деген ұсынысымен қатар дәп осы мекенжайда құрылысы жүріп жатқан дүкеннің айналасы қоршалмағанына алаңдап, ол ойын баласына қауіп төндіретінін алға тартты.

Ш.Айманов көшесінің тұрғыны зейнеткер Жұбаныш Таңқыбаев ауыз су құбырының тозығы жетіп, қайта-қайта жарылатынын жеткізді. Елена Улянова болса Сәтбаев көшесіндегі 26-үйдің іргесі сөгіліп, апатты жағдайда тұрғанын айтты. Әкімнің тапсырмасы бойынша тамыз айына дейін үйді сараптамадан өткізудің жобалық-сметалық құжаттарын әзірлеуге қаражат қарастырылды.

ПАРТИЯ ТЫНЫСЫ

ЖЕТІСТІККЕ БАСТАЙТЫН ТҰҒЫРНАМА

«Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалының Саяси кеңес отырысы өтті. Саяси кеңес отырысын филиал төрағасы Қайрат Бегімов жүргізді.



Саяси кеңес мүшелерімен қатар бастауыш партия ұйымдарының төрағалары, мәслихат депутаттары, ардагерлер мен БАҚ өкілдері кеңес отырысы бағдарламасымен кеңірек танысуға мүмкіндік алды. «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженова «Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың сайлауалды бағдарламасын іске асырудағы «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалының міндеттері туралы» тақырыбында баяндама жасап, Қазақстан Республикасы Президентінің 9 маусымдағы кезектен тыс сайлауы, қалалық штаб жұмысы, сайлау жұмысына белсене қатысқан партия мүшелері мен қала тұрғындары жайында кең мәлімет берді.

«Міндетіміз – айқын жоспарымыз – анық. Қандай мақсатқа, қай жолмен жететінімізді нақтылап, оны жүзеге асыруға бет бұрдық. Еліміздің ертеңгі стратегиясын мүлтіксіз жүзеге асырып, алға жетелер басты әрі ең қуатты

саяси күш «Nur Otan» екенін тағы бір дәлелдедік. Бұл әр партия мүшесіне сенім білдіріп, жаңа Президент жұмысына бірауыздан қолдау білдіруге шақырды. Сондай-ақ, «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалының сараптамашысы Жанар Майханова сайлауалды науқан кезінде партия атқарған жұмыстармен таныстырды.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

МЕРЕКЕ АЙШЫҚТАРЫ

Жезқазған жұртшылығы адам жанының арашасы болған медицина қызметкерлеріне құрмет көрсету үшін Халықтар достығы мен мәдениеті үйіне жиналды. Салтанатты шараның төрінен саналы ғұмырын медицинаға арнаған ардагерлер мен бүгінде олардың жолын жалғасқан ақ халаттылардың жас буыны табылды.

Жиынның шымылдығы дертті адамның өмірін аман алып қалам деп тұрғындар дәрігерлерге арналған өлеңнің желісіне қойылған сахналық көрініспен түрліді. Ұлт болашағын қалыптастырып, сақтал қалуда медицина саласы ардагерлерінің қосқан үлесі өлшеусіз. Бүгінгідей техника мен медицина дамымаған тұста адам жанын арашалаған олардың еңбегі ерлікке пара-пар. Сондықтан салтанатты жиында сол аға буының ізін басып, ісін жалғастыратын жас толқын Жезқазған қаласындағы ардагер дәрігерлерге құрмет көрсетіп, қуантты. Өкінішке орай, бүгінде өмір жолы өңеге болар ардагерлердің қатары сиреп жатыр. Биылғы кәсіби мерекесін Өмірбек Мұқанов көре алмай кетті. Күні кеше ғана өмірден озған ақ халаттыны бір минут үзсіздікпен еске алған жмын қатысушылары оның есімі мен өшпес мұрасы ел есінде қалатынына сенім білдірді.

Сахна төріне көтерілген қала басшысы Қайрат Бегімов абзал жандарға деген ықыласын құттықтаумен жеткізді. – Сырқаттанып, қиналғанда ең алдымен көмекке келетін жанашыр – ол дәрігерлер қауымы. Сондықтан бүгінгі мерекенің әр адам үшін орны ерекше. Сіздер өз өмірлеріңізді медицинаға арнап, әлемдегі ең ізгі мамандықтардың бірінің таңдауыңыздар. Бұл таңдау жоғары білімдікті, адалдықты, шыдамдылық пен мейірімділікті қажет етеді. Сонымен қатар, қиындығы мол, абыройлы еңбек. Жезқазған қаласының денсаулық сақтау жүйесін дамытуға және отандық медицинаның үздік дәстүрлерін сақтауға қосып отырған жеке үлестеріңіз үшін алғысымыз білдіреміз – деп ақ тілектерін ақтарған ол марапаттау рәсімін бастап кетті. Ұзақ жылы еңбегі мен қызметіндегі толайым табыстары үшін қалалық емхана директоры Мұратбек Әбсалық пен медициналық колледждің ұстазы Алма Оразбекованың кеудесіне «Еңбек ардагері» медалі тағылды. Ақ балалар үйінің педиатр-дәрігері Роза Қошанованың елеулі еңбегі «Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісімен еленді. Қарағанды денсаулық сақтау

ЕЛЕНГЕН ЕҢБЕК МАРАПАТЫ

ақ халаттылар мерейін асырды

басқармасы Жезқазған аймақтық өкілдігінің бас маманы Марфуға Ембергеноваға, көпбейінді аурухананың бас дәрігерінің орынбасары Ғабиден Аханов пен қалалық емхананың невропатолог-дәрігері Маржан Хасеноваға, «НеоМед» ЖШС кардиолог-дәрігері Ирина Тананаға, сондай-ақ, медициналық колледж ұстазы Лариса Цайға табысталған «Кәсіби жетістіктері үшін» төсбелгісі жарасым-ақ кетті. Көпбейінді аурухананың бас есепшісі Әлия Әуенова ҚР Денсаулық сақтау министрінің Алғыс хатымен марапатталса, «Бексейітова» ЖШС-нің жалпы практика дәрігері Феруза Жанпейсова, көпбейінді аурухананың дерматовенерологиялық бөлімінің меңгерушісі Әсия Қадырова, медициналық орталықтың реанимация бөлімінің меңгерушісі Разбек Нұрғұлсан Қарағанды облысы әкімінің Алғыс хатын иеленді.

Құттықтаулар ләгін жалғастыратын қалалық мәслихаттың депутаты Хансейіт Бөлен ақ халаттылардың зор еңбегі алдында басын иіп, тұрғындар денсаулығы күзетіндегі тұрған медицина саласы қызметкерлерін Жезқазған қаласының Құрмет грамотасымен марапаттады. Олардың қатарында Гүлбану Бұлғанбаева, Құралай Мergenбаева, Жазира Дүйсекова, Ұлаш Тәліпова, Нұрғайша Мәжішова, Гүлжан Мулдашева, Хуршида Усманова мен Жанар Бөрібекова бар.

Жүреқарды құттықтауында отандық медицина жыл өткен сайын қарыштап дамып жатқанын тілге тиек етіп, Жезқазғанда осы салада орын алып жатқан ілкімді істерге кеңінен тоқталған облыстық денсаулық сақтау басқармасы Жезқазған аймақтық өкілдігінің басшысы Ләззат Ранова бірқатар әріптестерін мүлтіксіз, адал еңбегі мен кәсіптік жетістіктері үшін Қарағанды облысының Денсаулық сақтау басқармасының Құрмет грамотасымен марапаттады.

Медицина қызметкерлерінің төл мерекесі қарсаңында Гиппократ антына берік, алтын қолды дәрігерлерге қала әкімінің сыйлығын табыстау игі дәстүрге айналған. Биыл да заңды жалғасын тапқан өкім сыйлығы Қайрат Бегімовтің тапсырмасымен 2020 жылы екі есеге ұлғаймақ. Енді номинация иегерлеріне 50 мың теңгенің орнына 100

мың тапсырылады. Осылайша, қала басшылығы шипалы алақанынан дертіне дауа іздегендердің жанынан табылып, үміт отын тұтандырған ақ халаттылар бұдан да зор құрмет пен қошеметке лайық екендерін сездірді. Еңбектің еленіп, бағаланғаны кімге болсын үлкен мәртебе. Осы ретте жылы сөзге шөлдеп жүрген абзал жандар бір марқайып қалды. Адам тәнінің инженері саналатын дәрігерлерге тағайындалған алғашқы номинация «Үздік терапевт» деп аталады. Аталмыш номинация көпбейінді аурухананың неврология бөлімшесінің меңгерушісі Гүлжазира Шәуеноваға бұйырды. Қиындығы мен қызығы, бейнеті мен зейнеті қат-қабат келіп жататын денсаулық сақтау саласында медбикелердің орны қашанда ерек. «Үздік орта буын медициналық қызметкер» деп аталған номинация олардың еңбегіне көрсетілген қолпаштаудың бір белгісі еді. «Қарлығаш» шипажайының бас медбикесі Гүлшат Дәндібаева бұл аталымға лайықты деп танылды. «Жалпы практиканың үздік дәрігері» номинациясында «Әбілдінова» отбасылық дәрігерлік амбулаториясының дәрігері Жібек Байкенова үздік шықса, «Үздік акушер-гинеколог» номинациясымен саналы ғұмырын ана мен бала денсаулығына арнаған көпбейінді аурухана жанындағы гинекология бөлімінің меңгерушісі Анар Әбдіғұлова марапатталды. Салтанатты жиында қаламыздағы маңдайалды медициналық білім беру ошағы болып табылатын Жезқазған медицина колледжі оқытушыларының да еңбегі ескерусіз қалмады. «Білім беру ісіндегі үздік медициналық қызметкер» деп аталған номинация болашақ мамандарға медбикелік негіздердің қыры мен сырына боилататын Айнуыр Гусмановаға тапсырылды. Көпбейінді аурухана жанындағы хирургия бөлімшесінің меңгерушісі Нұртілек Құлымжанов «Үздік оташы» атанса, бала саулығына жауапты көпбейінді аурухананың дәрігері Райхан Жұмағұлова «Үздік педиатр» номинациясын иеленді.

Ел болашағы ескелең ұрпақтың қолында екені белгілі. Сондықтан Елбасының бастамасымен 2019 жыл жастарға арналды. Жыл сайын қаламызда медициналық



қызметкерлер қатары жас мамандармен толығады. Осы орайда «Үздік жас маман» номинациясы өз ісіне құлшына кіріскен жастарды қолдауға бағытталды. Жас та болса көптің алғысына бөленіп үлгерген көпбейінді аурухананың анестезиолог-реаниматолог дәрігері Дархан Құлымұрын осы аталымда озып шықты. «Мамандығына адалдық» номинациясы өз бақытын медицинадан тапқан қалалық емхананың ультра-дыбыстық зерттеу дәрігері Нейля Ведякинаға бұйырды.

Еткен еңбек дәріптеліп, төккен тер еленген салтанатты жиынды ажарландыра түскен Тайжан Қалмағамбетов атындағы филармонияның әншілері ақ халаттыларға мерекелік көңіл-күй сыйласа, көз жауын алар отшашу көштен алған әсерлерін еселей түсті.

Диана ОРАЗАЛИНА

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ІНДЕТ, ЖОЮ – МІНДЕТ!

ҚАЛА ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ҚОЛЖЕТІМДІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МАҚСАТЫНДА

Тұрмыстық жемқорлықтың жолын кесіп, оның деңгейін төмендету мақсатында Қарағанды облысының көлемінде іске қосылған «Сарыарқа – адалдық алаңы» жобасы аясында Жезқазған қалалық әкімдігі ғимаратының бірінші қабатында «Орен спрсе» кабинеті ашылды. Оның ашылуына қатысқан ҚР мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттік Қарағанды облысы бойынша департаментіне қарасты мемлекеттік қызмет басқармасының бас маманы Ерден Сағындықов жобаның маңыздылығына тоқталып өтті.

Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың қолдауын тапқан «Сыбайластықтан ада өңірлер» атты бастамасының негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты толыққанды орындау мақсатында облысымызда «Сарыарқа – адалдық алаңы» жобасы жүзеге асырылып жатқандығы баршамаңызға мәлім. Жоба аясында мемлекеттік органдардың ашықтығы мен қолжетімділігін арттыруға бағытталған Орен спрсе, Front office, сервистік әкімдіктер ашылып, жұмыс жасауда. Мұндай жаңа форматтағы бастама – азаматтардың мемлекеттік билікке деген сенімін арттырып, қоғам мен билік арасының жақындауына ықпал етеді, – деген ол Жезқазған қаласы әкімдігінің қолдауымен ашылған «Орен спрсе» кабинеті тұрғындарға қапалы әрі қолжетімді мемлекеттік қызмет ұсынатынына сенім білдірді.

«Орен спрсе» кабинетінде бүгінгі таңда қалалық білім беру, жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы, кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімдерінің мамандары қызмет көрсетуде. Тұрғындар тарапынан көп шағым түсетін қаланың коммуналдық саласына жауапты тұрғын үй шаруашылығы, жөлаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімінің мамандары да осында. «Біздің міндет – халыққа қызмет» дегенді ұран еткен олар таңның атысынан, кештің батысына дейін, жезқазғандықтардың сұрақтарына жауап беріп, мәселелерін шешуге жәрдемдеседі.

Күніне 20 тұрғынды қабылдағаны алға тартқан қалалық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы мұнда бес мемлекеттік қызметті алуға болатынын жеткізді. Шаруа қоғамының ауыл шаруашылығына арналған техникаларға мемлекеттік немір алып, оларды техникалық тіркеуден өткізеді. Сонымен қатар, трактор

жүргізуге берілетін куәлікті де аталған кабинеттен рәсімдеуге болады. Мемлекеттік қызметтің осы түрін жылына 50-ге тарта тұрғын алатын көрінеді. Қазір ата кәсіпке бет бұрған кәсіпкерлер төменгі пайызбен несие рәсімдейтін белгілі. Осы ретте ауыл шаруашылық техникасын келтіре тіркеу де қалалық кәсіпкерлік бөлімінде жүзеге асырылады. Енді қызметтің осы түрлерін қажет еткен кәсіпкерлер бесінші қабатқа көтерілмей-ақ уақыт күттірмей жылдам алатын болды. Ал жер қатынастары бөлімі бас-аяғы жеті мемлекеттік қызмет түрін ұсынады. Оның ішінде жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер рәсімдеу, жеке меншікке алу мен жалға алу мерзімін ұзарту, жердің нысаналы мақсатын өзгерту тұрғындардың сұранысына ие. Қазірдің өзінде мемлекеттік «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында жеке тұрғын үй құрылысына арналған 670 жер телімін кезекте тұрған 470 қала тұрғыны рәсімдеп үлгерген.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, автомобиль жолдары мен жөлаушылар көлігі бөлімі мамандарының айтуынша, қала тұрғындары сумен, жылумен жабдықтау кәсіпорнының жұмысына көңілі толмай, арыз түсіреді екен. Сондай-ақ, жезқазғандықтар арасында тұрғын үй кезегіне тұру мәселесі де өзекті болып тұр. Сәулет және қала құрылысы бөлімінің бас маманы Жәнісгүл Ишанбаева бес мемлекеттік қызмет көрсететінін айтып, тұрғындар құрылысқа рұқсат алып, пәтерін қайта құрылымдау үшін жиі келетінін жеткізді.

«Бір терезе» қағидасы бойынша қызмет көрсететін «Орен спрсе» кабинеті мемлекеттік қызметті маңы форматқа көшіріп қана қоймай, қала өкімі мен өзге де мемлекеттік қызметшілердің халыққа жақындығын түсуіне септесетін болады.

Диана ОРАЗАЛИНА

ҒАРЫШКЕРЛЕР БАҚЖОЛЫ КӨРКЕЙЕДІ

«Қазақмыс Холдинг» ЖШС бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында мысты қаладағы Ғарышкерлер бақжолын қайта жаңғыртып, абаттандыруға демеуші болып отыр. Бұл ауқымды жобаның құны — 344,7 млн. теңге. Тапсырыс беруші «Жезқазған аймағы кәсіпкерлері мен өнеркәсіпшілері қауымдастығы» бірлестігінің ұйымдастыруымен өткен жылдың соңына қарай қолға алынған қайта жаңғырту жұмыстары қазір аяқталуға жақын қалды.

«Сарыарқа» мәдени-сауық орталығы мен «Алғашқы құрылысшылар» алаңының арасын жалғастырып жатқан бақжол – қала тұрғындары сөйлейтін саялы да сәнді орындардың бірі. Ғарыш өлемі жетістіктерінің құрметіне мұнда 1976 жылы «Космос» ескерткіші орнатылған болатын. Кейіннен ол «Ғарыш» сәулет композициясы деп аталды. Байқоңыр ғарыш айлағынан ұшқан ғарышкерлер жерге оралғанда көбінесе Жезқазған өңіріне табын тірейтін белгілі. Салтанатты қаушы шарасына соң олардың бақжолына шарша, қарағай ағаштарын отырғызуы дәстүрге айналған іс. Қазірде ғарышкерлер қолымен отырғызылған көпелі қарағайлар сәнімен бой түзеп жайқалып тұр. Бақжолдың екінші басына осыдан екі жыл бұрын абыз тұлға Кетбұқаға өңселі ескерткіштің орнатылуы ел мерейін есірумен қатар қала көркін келбеттендіре түскен еді. Енді қайта жаңғырту жұмыстары сәтмен жүзеге асырылған соң қала тұрғындары бой жазып, демалатын аумақ абаттанып, бұрынғыдан да ажарлана түсетін болды.

Бақжолдағы жалпы аумағы 18860 шаршы метр табанжол жаңартылып, төсемтастар төселуде. Сәнді болуы ескеріліп, сур плиталармен қатар жасыл қызыл түсті өрнек тастармен де өріле көмкерілуде. Табанжолмен қатарласып 6 мың шаршы метрлік велосипед жолы асфальтталды. Секіріп өтетін кедергілері бар скейтпарк алаңы мен балалар алаңы жабдықталуда. Балалардың «Ғарыш» және «Зоопарк» атты алаңдары бүлдіршіндердің қызыға ойнайтын жері болмақ. Көше тренажерлары орнатылады. Шағын сәулет мүсіндері орнатылып, жағалай қолайлы орындықтар қойылады. Жарық беретін шамдар да жаңартылады. Латын әріптерімен жазылған «Мен Жезқазғанды сүйемін» стелласы да көрнекі жерден көз тартатын болады. Кетбұқа ескерткішінің айналасы тарихи мемориалдық кешенге айналмақшы.

– Қазірде бұл жобаның жоспарланған жұмыстарының басым көпшілігі аяқталып қалды. Жылжелектерді суару үшін 3260 қума метр құбыр тартылды. Көктемде 172 түп әртүрлі ағаштар егілді. Бақжолдың



қоршаулары боялып жаңғыртылуда. Жаңарып, жасанған Ғарышкерлер бақжолы шілде айының басында Астана күнінің құрметіне ашылды. Тек субұрпақты қайта жаңғырту жобасы ғана аяқталмайын деп тұр. Оның жұмысы қыркүйек айындағы қала күні қарсаңында тиянақталады, – дейді тапсырыс беруші «Жезқазған аймағы кәсіпкерлері мен өнеркәсіпшілері қауымдастығы» бірлестігінің атқарушы директоры Думан Жаманов.

Керіктеніп, көркейіп бағы жаңалы тұрған бақжолдағы Кетбұқа ескерткіші маңайының тарихи-этнографиялық мазмұндағы ансамблеге үласуы ерекше

жарасымды болатын түрі бар. Гранит тақтаға аңызға айналған жыршы, күшіш Кетбұқаның «Сақ болғын» жыры, Доспамбет жыраудың есиет өлеңі және тарихшы ғалымдардың Кетбұқа туралы айтқан кесімді сөздері жазылды. Жошы ханның аң аулап жүрген сәтіннің кескінделуі де тарих тереңінен сыр шертер көрініс болары сөзсіз. Киелі қобыз бен домбыра мұсіндері де қойылмақшы.

Түнідеп айтар болсақ, «Қазақмыстың» қаржылай қолдауымен қайта жаңғыртылған Ғарышкерлер бақжолы қаланың 65 жылдық мерейтойына толымды тарту болғалы отыр.

Амандық РАХҰЛЫ

БҰЗАҚЫЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ

Бүгінде жезқазғандықтардың да Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясында» қаузалған тәртіпсіздікке мүлдем төзбеушілік принципін ұстанатыны қуантады. Соның арқасында қала өмірінде орын алып жатқан көлеңсіздіктер мен құқық бұзушылықтарға дер кезінде тосқауыл қойылууда. Дүйсенбінің түнінде қала саябақтарының бірінде жасалған бұзақылық соған дәлел болмақ.

Түнгі өкілердің шамасында қырағы тұрғындардың бірі қалалық полиция басқармасының кезекші бөліміне хабарласып, өлдебіреулер Пушкин көшесіндегі 23-үйге қарама-қарсы саябақта жарық бағаналарындағы сәндік шыныларды сындырып, ойран салып

жатқанын жеткізеді. Оқиға орнына жеткен тәртіп сақшылары хабардың жалған болмағанын көріп, ҚР Қылмыстық кодексінің 293-бабының 2-бөлігінің 1-тармағында көзделген қылмыс құрамы бойынша сотқа дейінгі тергеу жұмыстарын басталды. Қылмыстық іс адамдар тобы жасаған бұзақылық деп тіркелді.

Полиция қызметкерлері жедел-іздеріту шаралары барысында 17-18 жас шамасындағы жезқазғандық жасөспірімдерді күдікті ретінде қарастырады. Ұзаққа бармай жастар жарық шамдарымен қоса гүлзарларға да кесірін тигізгендерін толық мойындады. Ойланбастан жасалған оғаш қылқыттары үшін олар заң алдында жауап беретін болады. Атап айтқанда жастар құқықбұзушылық үшін екі мың АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл төлеуге немесе сол мөлшерде түзеу жұмыстарына тартылатын болады. Немесе алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту не екі

жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу жазасы қолданылады. Сондай-ақ, аталған құқық бұзушылық екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын да қарастырады. Бүгінгі таңда келтірілген материалдық шығын мөлшері анықталуда.

Біздің қоғамда «тәртіпсіздікке мүлдем төзбеушілік» қағидатын енгізу оң нәтижесін беруде. Бүгінгі таңда саналы азаматтардың құқық бұзушылықтарға көз жұма қарамай, ол жайында құқық қорғау органдары мен БАҚ-қа хабарлауы жиілеген. Бұл қоғам бөлсенділігінің арқауын және тұрғындардың азаматтық ұстанымы айқын екенін көрсетеді. Тұрғындардың жанашырлығы мен ұстанымы, бассыздыққа төзбеушілігі ауыр қылмыстарды болдырмауға ықпал ететін сөзсіз. Сондықтан, әрбір азамат қоғамдық тәртіпті сақталуына өзіне үлес қосуға асығуы қажет.

Өз тілшіміз

ЖАҚСЫНЫҢ ЖАҚСЫЛЫҒЫН АЙТ...

## АЗАМАТ ЖОЛЫ

Алғаш кездескеннен көңілге жылы шуақ ұялатып, жақсы өсер қалдыратын жандар болады. Кейін олармен ұшырасудың сәті түспесе де, елден сұрастырып, жеткен жетістіктеріне қуанып, алдағы шығар биіктеріне тілеуқор болып жүресің.

Сондай жүздесудің реті келмесе де көңілдің түкпірінде ұмытылмастай сақталып жүрген жігіттердің бірі Рысқали еді. Көзімді елге танымал ардақты азамат – Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты **Рысқали ӘБДІКЕРОВ**.

Рысқалидың есіммен ол Жезқазған облыстық саяси ағарту үйінде, содан соң Жезді ауданында істеген жылдары құлағдар едім. Жездіде аудан жастарына жетекшілік етті. Жүзбе-жүз жүздескеніміз – Ақадыр ауданы өкімінің орынбасары қызметінде жүрген кезі.

Ол уақыттағы біздің қызметіміз – республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің Жезқазған облысы бойынша мәңгілік тілшілігі. Жай жұрмейміз. Газет жұмысымен жолға шығамыз. Әсіресе, газетке жазылу ісі – қызу науқан. Сонда ең алдымен маңдай тірейтініміз аудан басшылары. Олардың қолдау-көмегінен шаруаның іске асуы қиын. Ақадырға келгендегі мақсат та – баспасөзге жазылу жайы еді. Жұмысымыздың мән-жайын түсініп, жергілікті тұрғындармен кездесуде жағдай жасаған, өзі бастап жанашырлық танытқан осы Рысқали болатын. Науқан соңында бұл аудандан күткендей таралым жиналды. Орда бұзар отыздан жаңа ғана асқан азаматтың сөзден гөрі іске бейімділігіне, ұйымдастырушылық қабілетіне, ұстамды мінезі мен адамгершілігіне сол кезде қаныққанбыз. Газет шаруасымен кейін де телефон арқылы хабарласып тұрдық.

Азаматтың білімі мен біліктілігі, адалдығы мен іскерлігі бір-бірімен қабысып жататын болса қызметтің өзі іздеп келетіндей. Рысқали осы уақытқа дейін салмағы зілбатпан талай жауапты қызметтерді атқарды. Қарағанды облысының анау-мынау емес, іргелі бес ауданына – Ақадыр, Ақтоғай, Ұлытау, Шет, Осакаров аудандарына басшы болды. Қарағанды облысы өкімінің орынбасары, Қарағанды облысы мәслихатының хатшысы қызметтерін де абыройлы атқара білді. Осының бәрі бір адам үшін жеңіл жүк деп айта алмаймыз. Бір жерден барып, екінші жерге бейімделу де жүкіге әжептәуір салмақ түсіреді. Адамдардың бәрі бірдей емес. Әрқайсысының өзіне тән мінез-құлқы, қабілеттері бар. Соны танып, зерттеп, білуге де уақыт кетеді. Бес ауданның кем дегенде бес ерекшелігі болатыны белгілі. Соларды ескеріп, әрекет ету де – басшыға сын. Рысқали бөтса мұндай «өткелкөтерден» еш көдерісіз, іркіліссіз өте білді. Оған тірек болғаны – іскерлігі, әр жылдарда жинақтаған тәжірибесі.

Қарағандыда қызмет істеп жүргенімізде: «Рысқали Жездіні жеңіп келтіріпті», «Күмкөл», «Қазақмыс» сияқты алып компаниялармен тіл табысып, Ұлытауды біраз оңалтыпты» дегенді еміс-еміс естіп жататынбыз.

Кезінде Жездінің өзі жеке аудан болып тіршілік еткен. Аудандарды біріктіру кезінде ол мәртебедең айрылып, Ұлытау ауданының қарамағына енді. Осындай оңтайландыру салдарынан Жезді «жетім баланың» көрін кешетіндей көрінген. Обалы нәшік, Ұлытауға өкім болып келгендер бұл жақты назардан тыс қалдырмауға тырысты.

Рысқали да алдындағы еріптестерінің игі істерін жалғастырып, қолдан келген көмегін аямады. Қанша дегенмен жалынға толы жастық шағы өткен жер. Аудан жастарымен қоян-қолтық араласып, көптеген келелі істердің басын қайырды. Енді міне, аудан өкімі. Жездідегі баса көңіл бөлінген мәселелердің бірі – жастарға қамқорлық жайы. Өйткені елді-мекендердің көпшісі – жауқазындай өсіп келе жатқан жас ұрпақтың қолында. Тұрғындардың әлеуметтік жағдайы да күнделікті бақылауға алынды. Жолдарды жөндеу, көшелерді жарықтандыру... секілді маңызды істер қатаң қадағаланды.

Ол қай қызметте жүрсе де қажырлы еңбегі арқылы адамдардың алғысы мен ризашылығына бөленді. Басшы ретінде атап өту ерекшелігі – қарамағындағыларға талап та қоя біліп, керек жерінде қолдай да білетіндігі.

Жақында қолыма Рысқалидың өткен өмірінен сыр шертетін «Арқа азаматы» деген кітап қолыма тиді. Авторы – белгілі қаламгер Батырбек Мырзабеков. Осы кітапты оқыған кім-кім де азаматтың адамдық та, басшылық та қасиеттеріне көз жеткізе алады. Кітап парақтарын ақтарғанда өзіме жақсы таныс әрі ел-жұртқа сыйлы азаматтардың кітап кейіпкері жөніндегі жылы лебіздері жанарға ілікті. Солардың бірі – парасаттылығымен, ақыл-ой тереңдігімен көпке танымал ағамыз Қайырбек Сәдуақасов. Бұл кісі адам таны біледі. Оның үстіне жүрекжарды сөзін кім болса соған арнай бермейтіндігі де бар. Арнау сөзінің тақырыбы: «Үзенгі бауырым» деп қойылты. Бұл екі сөз де – «үзенгілес», «бауыр» дегендер жайдан-жай ауыздан шыға қоймайды. Ең жақын деген, үкілі үмітті ақпап жүрген жандарға арналып айтылатын шынайы лебіз. Енді Қайрекөңнің сөзіне құлақ түрелік: «Менің үлкен өкем Сәдуақас «Жарқырап жүрген жігіттің ғана жолы болады» деп айтты деген. Айрықша мағыналы сөз деп білем. Шындығында еңсесі төмен, ұнжырғасы түскен азаматтың ісі өрге баса ма? Рысқалиды қашан көрсен жайнап, жарқырап жүреді. Бұл – жүрегі адал пейілі таза, өз ісіне мығым, жасандылықтан ада жігіттің ғана несібіне тиесілі қасиет. Көрсен көркіне көзін тоятық сөйлессен сөзіне, байыпта сөзіне риза болатын осы бір азамат қашанда жаныма жақын, бір менің ғана емес, табан тіреген жерлерінің барлығында алғысқа бөленіп жүрген, сүйсініп-сүйсінерлік жан». Қайраткер, ұлтжанды азаматтардың бірі Жұмағали Наурызбай да алғыр, елгезек, тындырымдылығымен көзге тұскен сыйлас інісі жайлы ағынан жарылады: «Шеге тағаны ұстайды, таға тұяқты ұстайды, тұяқ атты ұстайды, ат ерді, ер елді ұстайды» деген халық даналығы бар ғой. Біреу менен Рысқали Әбдікеров жайлы пікір білгісі келсе, менің ойыма осы қанатты сөз түседі. Шындығы сол Сыныш көз халық ғой. Жезді, Ұлытау, Шет, Ақтоғай халқының атынан айтылғандай болған алғыс пен ризашылық ниеттерді талай естідім. Әсіресе, адалдығы мен еңбекқорлығын дәріптейді олар. Азаматқа керекті, азаматқа лайығы осы ғой. Мен танитын Рысқали осындай жігіт, осындай басшы».

Осылардың бәрі жүректі жарып шыққан ақ, адал сөз. Азаматқа деген ризашылық сөз. Ақ ол болса ағалар сеніміне қылаудай да нұқсан келтірген емес.

Қашанда сергек, қашанда батыл азамат белсенділік



қасиетін бұл күндері еліміздің жоғары заң шығарушы органы – Парламент Сенатында да көрсетіп келеді. Оның елдік маңызы зор депутаттық сауалдарына да өзіміз күй болып келеміз. Солардың бірқатарына тоқталып өтейік. Қазіргі таңда заңмен бекітілген ережеге қарамастан жұмысшы мен жұмыс беруші арасындағы еңбек даулары еңіп кездесуде. Статистикалық мәліметтер көрсеткендей, еңбек дауларына қатысты сот істері көбеюде. Мәселен, 2017 жылы соттарда еңбекке ақы төлеу талаптарының бұзылуына қатысты 1783 өкімшілік іс, ал 2018 жылы 1939 іс қаралған, яғни мұндай істер бір жылдың ішінде 8,7 пайызға артқан. 2019 жылы 1 қантардағы жағдай бойынша 139 кәсіпорынның 6 мың 200 жұмыскердің алдындағы жалақы бөрешегі 1 млрд 9420 млн теңге құраған. Оның 77 пайызы, яғни 105-і – банкротқа ұшыраған кәсіпорындар. Сенатор осыларды тілге тиек ете келе Үкіметке бірінші кезекте жұмысшылардың жалақысын уақытылы беру мақсатында, содан соң басқа да міндетті төлемдердің өтелуін қамтамасыз ету бойынша «Банкроттық және оңалту туралы» Заңға өзгеріс енгізуді, «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Заңды «Жұмыс берушінің дермәнісіздігі (банкроттығы) салдарынан табысын жоғалтқан жағдай» деген мазмұнмен толықтыруды, бейресми еңбек

қатынастарына жол бермеу және оларды анықтау, азаматтардың еңбек саласындағы өз құқықтары жөнінде хабардар болу деңгейін арттыру мәселелерін қарастыруды ұсынды. Депутаттың тағы бір көтерген мәселесі – ауылға жас мамандарды тарту. Көпшілік жақсы біледі, Елбасының бастамасымен «Дипломмен – ауылға» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Бұл жобаның іске асырылуы мамандардың ауылдық елді-мекендерге көптеп баруына мүмкіндік береді. Алайда, қабылданып жатқан шараларға қарамастан, ауылдық аймақтарда әлеуметтік сала мен агроөнеркәсіптік кәсіпорындар мамандарына тапшылық бары байқалады. Осыны зерттеп, қорытынды шығарған депутат тиісті сарапшылардың қатысуымен мониторинг жүргізіп, ауыл Ұлытау болып отырған мамандықтар тізімін жасау, оның ішінде экономист-бухгалтер, агроном, техноло мамандықтарын қарастыру, ауылдық жерлерге білікті кадрларды тарту мақсатында көтерме төлемдердің 70 айлық есептік көрсеткіш 150 есептік көрсеткішке дейін көтеру қажеттігін депутаттық сауалына арқау етті.

Парламент депутатына өзі туып-өскен, қызмет атқарған Қарағанды облысындағы өзекті мәселелер жақсы таныс. Сенат отырысында Қаражал қаласы мен Жәйрем кентіндегі көзін жөніндегі мәселелерді тозып, істен шыққанын ашына баяндады. Оларды жаңартпаса апатты жағдайға ұшырау мүмкін. Шахтинск қалалық өкімдігіне қарасты Шахан кентінде орталықтандырылған қазандық салу тез арада шешілуі тиіс. Алдыңғы жылы аталған кенттегі көпқабатты үйлердің біріндегі жертелде орналасқан автономды жылу қазандығы жарылып, адамдардың қазасына алып келген. Депутат кентте салынуға тиіс орталық қазандық құрылысына қажетті қаржы бөлу мәселесін күн тәртібіне қойды.

Қолына қызметтің тізгінін тисе бұрынғы таныстары менсінбей, асқақтап кететін жігіттерді білеміз. «Шіркін-нің, жаратылысы осылай болды ғой» дейсің ондайларды көріп. Басқа не дерсің.

Осындай пенделерге көрінісе, Рысқалидың қарапайымдылығы мен кішілігі жөніндегі ақжара сөздерді көп естідім. Жезқазғанда тұратын ақын соң Фазиз бұл туралы сүйсіне әңгімеленгені бар. Ұлытаудағы журналист ағамыз Елтынды Дүйсенбаев та бір жүздескенімізде: «Рысқалидың облыстық мәслихаттың хатшысы қызметінде жүрген кезі. Бір күні Ұлытауға келді. Үйге телефон шалып тұр: «Түсте үйде боламын. Кездеспегелі көп болды ғой» дейді. Риза болдым. Құдайға шүкір, оны күтетін үй табылады. Алайда, кезінде партия мектебінде қатар оқығанымызды ұмытпай, достыққа, жолдастыққа адалдығын байқапты турғаны ғой» деп азаматтың бұл пейіліне ризалық танытқан.

Ақылды, арлы азаматтар өмірдің мәні елге, халыққа қызмет ету деп біледі. Біздің Рысқали да осындай тұғырлы тұлғалар қатарында. Жұртқа қызметі өлеусіз қалып жатқан жоқ. Қайтарымы бар. Ол – ел-жұрттың өзіне деген алғысы мен селкеусіз сый-құрмет. Азамат үшін бұдан артық атақ-дәреже болар ма?!

Нұрперзент ДОМБАЙ  
«Ана тілі» газеті

23 МАУСЫМ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ КҮНІ

## АБЫРОЙ БИГІНДЕ



**Үлкен міндет пен жауапкершілікті арқалап, мемлекеттік қызмет жолын абыроймен алып шыққан өз ісінің нағыз майталманы, көп балалы ана – Миращ ӘБІЛОВА. «Жас кезімде бейнет бер, қартайғанда зейнет бер» деген халық даналығы дәл осы кісіге қаратылып айтылған іспетті. Аймағымыздың өсіп-өркендеуіне көп жылдан бері талмай еңбек етіп жүрген мәртебелі маман биыл зейнет жасына келіп отыр. Миращ Әбілова мемлекеттік қызметті 2001 жылы Ұлытау ауданына қарасты Қоскөл селосы өкімдігінде бас маман болып бастайды.**

– Ұжымда мең бас есепші, өкім – үшеміз ғана болдық. Ол кезеңде бас маманның атқармайтын жұмысы жоқ. Азаматтық хал ақтілерін жазу, әскерге шақыру, әскерге шақырылған азаматтарды ауданға алып бару, жұмыссыздарды тіркеу, жәрдемақы

алушылардың құжаттарын дайындау, жер телімдерін беру жұмыстары, адам, мал санағы, мәдени іс-шараларды ұйымдастыру – осы шаруалардың барлығын мен атқаратынмын. 2000 жылдардың бас кезінде тұрғындардың үй құжатын тіркеу басталды. Оған дейін ауылда ешкім үй құжатын керек етпейтін еді. Міне, сол құжаттардың барлығын жинау бас маманға жүктелді, – деп сол күндерді қазір ерекше сағынышпен еске алады Миращ Әбілова.

Мемлекеттік қызметке алғаш орналасқанда көрген-білгенін аянбай үйретіп, бірізділікке тәрбиелеген ұстазы, сол кездегі ауыл өкімі Қалдыбай Рахметовке айтар алғысы зор. Сол ұстазының «Мираш, айналайын, біз – биліктің өкіліміз. Сондықтан не істерін білмей ашынған, қиналған халық бізге жүгінді. Олар көйде айқайлап, күйініп, ашуланып келеді. Сол кезде сен бір минут ашуынды ішке бұқ те, сабырмен үндемей тында, ешқашан дауыс көтерме. Сонда ол адамның да ашуынды бети қайтып, саған құлақ түреді. Ақ егер сен ашуына ие бола алмасаң, алдында көмек сұрап келген адам, тек саған ғана емес, бүкіл үкіметке өкпелеп

кетеді», – деген сөздерін осы күнге дейін өсте естен шығармай, «таспен атқанды, аспен ат» деген қағидамен өмір сүргенін алға тартып бас маман.

Бес балаға жарық дүние сыйлаған абзал ананың иығына өмір тосыннан екі есе жүк артады. 2004 жылы жолдасы дүниеден озып, Миращ ана алды студент, арты оқушы балаларымен жалғыз қалады. Күнгеріс қамымен ол 2008 жылы Жезқазғанға қоныс аударады. Негізгі мамандығы ветеринар болғандықтан, осы сала бойынша жұмыс іздейді. Осылайша Сәтбаев қаласындағы ҚР АШМ ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің қалалық аумақтық инспекциясына жұмысқа орналасады. 2010 жылы Сәтбаев қаласынан Жезқазған қаласының ветеринария бөліміне ауысады. Міне, содан бері жемісті де берекелі қызмет еткен асыл ана, білікті маман биыл зейнет жасына қадам басты. Ұжымға сыйлы, отбасына тірек болып отырған ақылман ананы біз де шын жүректен құттықтап, өнегелі ғұмырыңыздың ендігі өзегі данагері қариялықтың қызығын көріңіз деп тілек айтамыз.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

23 МАУСЫМ – ПОЛИЦИЯ КҮНІ

## АНТЫНА – АДАЛ, МІНДЕТІНЕ – МЫҒЫМ

Қазақстан полициясының қызметі мен міндетін анықтайтын алғашқы құқықтық акт 1992 жылдың 23 маусымында қабылданған болатын. Сондықтан, «ҚР ішкі істер органдары туралы» Заңның қабылданғанына 15 жыл толған тұста еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өз Жарлығымен 23 маусымды қазақстандық полиция күні деп бекітті. Қылмыстың жолын кесіп, қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуді мақсат еткен тәртіп сақшыларының кәсіби мерекесі қарсаңында Жезқазған қаласының полиция басқармасына құттықтай барып, штаб бөлімшесінің жұмыс барысымен жақынырық танысып қайттық.

Жалпы жезқазғандық полиция басқармасының негізі Жезқазған облысы құрылған 1973 жылы қаланды. КСРО-ның ішкі істер министрлігінің бұйрығымен облыстық ішкі істер басқармасының тізгіні генерал-майор Мұрат Құрмановқа сеніп тапсырылды. Дәл осы жылы басқарманың штаб бөлімі ашылып, оның ішкі істер қызметінің полковнигі Иван Иванов басқарды. Оның адал да мінсіз қызметін жас толқын абыроймен жалғастыра білді. Милиция полковниктері Бораш Дағаров, Иван Плотноков, Владислав Лонский, Жақып Сәрсенбаев, Владимир Шербинский, Гибрат Ерекешов пен полиция подполковнигі Константин Шегай, полиция майоры Шолпан Аханова мен полиция полковнигі Аманғали Кишенов басшылық еткен штабты полиция қызметкерлері өз арасында «ішкі істер бөлімінің мыы» деп атап кеткен. Неге десендер, дәл осы бөлім 26 бөлімшесіз бар тұтастай бір басқарманың жұмысын ұйымдастырып, жоспарлайды. Сонымен қатар, басқарма басшысы қызметінің ақпараттық-сараптамасына жауапты әрі басқарма жұмысының кешенді сараптамасын әзірлейді. Және тәртіп сақшыларының қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мен қылмыспен күресу жолындағы қызметін қатаң бақылауда ұстап, оларға жүктелген міндеттер мен тапсырмалардың орындалысын қадағалайды. Қаланың криминалдың ахуалын да талдайтын штаб бөлімі.

Осынау жауапкершілігі мол қызметті атқаратын бөлімді бүгінде полиция подполковнигі Аманкөз Таубағұллы Алданиязов басқарады. Жас та болса бас бола білген Аманкөз Алданиязов бала күннен полиция қызметкері болуға мақсат қойған-ды. Өйткені, ол – саналы ғұмырын құқық қорғау саласы қызметіне арнаған өкпені ұлы. Құрметті еңбек демалысына шыққан өкесі Таубағұл Тәжібайұлы өз заманында халықтың қауіпсіздігін ел тыныштығын сақтауға сүбелі үлес қосты. Өкесінің қасынан бір елі ажырамай қызмет барысында орын алған қызықтары мен шыжықтарын тыңдап, нағыз полиция қызметкері ұстануы қажет ақыл-көңестерін санасына құйып өскен Аманкөз полицияның бойында бала күннен тайсалмайтын беріктік пен табандылық, сондай-ақ төзімділік қалыптасты. Өкесінің төрменді тәртібімен қатар адалдық пен ізгілікке тәрбиелеген анасы Маржангүл Төрханқызының «біреудің ала жібін аттама» деген өсиеті оның ел қамын ойлайтын ерге айналуына септігін тигізбей қоймағаны анық. Қ.Шыңғысов атындағы №5 орта мектептің ұстаздары оның ішінде Гүлмира Аяшеваны атап өтпексіз болмас. Олар болашағынан зор үміт күттірген шәкіртін бағдарлаудан талмаған. Ішкі істер органындағы алғашқы қызметін ол Қостанай заң институтын тәмамдаған соң медициналық айықтату мекемесінде инспектор ретінде бастайды. Ақ. 2005 жылы тәртіп бөлімінің аға тәртіпшісі қызметіне тағайындалды. Күн-түн демей бар күш-жігерін

азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға сарп еткен полиция қызметкері ауыр және аса ауыр қылмыстарды ашуда алдына жан салмады. Осы қызметте жүрген он жылдың ішінде есірткі саудасына, ұрлық-қарлық пен зорлық-зомбылыққа қатысты жүздеген істің басы-қасында жүріп, нағыз қылмыскерлерді құрықтауға талпынды. Өз ісіне деген адалдығы мен шыдамдылығын бағалаған еріптестері оның штаб инспекторынан басшысы лауазымына дейін көтерілуіне ұсыныс білдірді. Міне, 2016 жылдан бері ол артылған осы сенімді ақтауға барын салуда. Өз саласының жігілін шағып, майын ішкен Бекен Мұқажанов, Ермек Жақыпов, Аманжол Рәзметов, Амангелді Құрманов, Аманғали Кишенов сынды алдыңғы буынның өмірлік тәжірибесінен үлгі алған шәкірттің озуы заңдылық та шығар. Құқық бұзушылыққа жол бермей, елдің тыныштығын сақтау жолындағы еңбектерін жалғастырып жатқан Аманкөз Таубағұллы да ізін басқан жастарға жанашырлық танытып, кәсіби шеберліктерін шыңдап, үйретуден талмайды. Бүгінде ол антына адал шәкірттері кеші-қон полициясының бастығы қызметіндегі Данияр Мұсабеков пен Жомарт Сарбаевпен мақтанады.

Еңбегі ІІ, ІІІ дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» және «ҚР полициясына – 25 жыл» медальдарымен еленген Аманкөз Таубағұллы салауатты өмір салтын ұстанып, спортпен шұғылданады. Ол командирлік ететін полиция басқармасының футбол командасы қалалық қана емес сонымен қатар, Қарағанды облыстық полиция департаменті арасында көш бастап тұр.

Құдай қосқан қосағы Гүлнұр Қайсағалиева екеуі ұлдар Алдияр мен Ерасылдың және қызғалдағы Ақзереннің тәрбиесіне де аса көңіл бөледі. Өкпенің балалары өз елінің нағыз патриот азаматы болып ессе деген асыл арманы тағы бар. «Әкеге қарап үл өсер» демежі, үлгілі отбасының тірегі бола білген полицияның ұрпағы алған тәрбие мен көрген өнегені арқасында тектілікті сақтап қалары анық.

Полиция подполковнигінің қоластында аға инспектор, полиция майоры Тоғжан Мұқанова мен полиция капитаны шеніндегі инспектор Елдос Ыбраш штабтың жұмысын ұйымдастырады. Мемлекетіміздің тыныштығы мен ел азаматтарының қауіпсіздігін сақтай отырып, күн сайын қылмыспен күрес жүргізу дейтін жауапкершіліктің жүгін арқалап жүрген мамандардың қызметтері жеделдікті әрі нақтылықты талап етеді. Олардың жұмысы қателікті көшірмейді. Міне, осы талаптардың үдесінен шыға білген жаны нәзік болғанмен рухы биік тәртіп сақшыларды атап өтпексіз болмас. 32 жылдан полиция майоры атанған Тоғжан Мырзабекқызы еріптестері арасында сыйлы. Басшылық оны таптырмас маман деп бағалайды.

Өкесі Мырзабек Молдахметұлының үлгісі мен анасы Жұмакүл Тілеуханқызының ақылы жас Тоғжанды алыс



арманға жетеледі. Қоршаған ортаны қорғап, ормандардың сақтығына жауапты әкесіне қарап бет түзеген ол мектеп жасында-ақ болашақ мамандығын таңдаған. Ұлытау ауданындағы №1 мектептің түлегі Тоғжан төрт жыл бойы талаптары күшті Б.Бисенов атындағы Қарағанды академиясында жігіттермен иық тесе білім алды. Жоғары оқу орнын лейтенант шенінде тәмамдаған ол еңбек жолын кеншілер қаласында тергеуші қызметінен бастады. Аз-кем уақыттың ішінде талай өккі қылмыскерді өшкереілеп, шым-шытырлыққа толы істердің бетін ашқан қыз теугерінді тергеушілердің қатарын толықтырды. Негізі мен деген басбуазарлар мен бұзақылар оның алдында аласарып, ағынан ақтарылды. Бұл өз ісін жетік мөңгерген маманның талай табысы еді. Тергеушінің тәжірибесі қандайда бір қылмыстық істі күмен-қалтарыссыз сотқа өткізумен өлшенеді. Сот алдынан кері қайтқан іс тергеуші тәжірибесінің аздығын көрсетсе керек. Ақ Тоғжан Мұқанова жүргізген бірде-бір іс қайтпаған.

2010 жылы криминалист қызметіне ауысқан біздің кейіпкер қала өмірінде күнделікті орын алып жатқан қылмыстық оқиғалардың ізін суытпай тез ашылуына септігін тигізді. Бойына сулулықпен қатар өтірікші пен өжеттікті сыйдырған жоғары білімді жас маманның ынты-ықпалы, таудай талабын таныған басшылары оны 2016 жылы штабтың есепке алу және тіркеу тәртібінің аға инспекторы қызметіне ауыстырды. Қаланың қылмыстық ахуалына сартамана жасау қылмыстардың дер кезінде тіркелуін қамтамасыз етіп, полиция қызметкерлері арасында қылмысты жасыру фактісін болдырмау майордың мойнында. Жауапкершілігі мол, күні-түні ізденісті талап ететін, адам

тағдырын шешетін мамандықты жүрегімен қалаған Тоғжан Мұқанова білікті маман ғана емес, сонымен қатар ибалы келіп, адал жар, асыл ана атанды. Жол патрульдік полиция қызметкері болып қызмет атқарған Айбат Жақыпбаевпен көңіл жарастырып, 2010 жылы шаңырақ көтерді. Қиындыққа толы қызметтеріне түсіністікпен қарап, бірін-бірі демеуге тырысқан екі жас Айқын есімді үл тәрбиелеуде.

Жастық жалынының, жігер-қайратының арқасында Отан алдындағы антына адалдық танытудан талмаған Тоғжан Мырзабекқызының өлеулі еңбегі ескерусіз қалмады. Шыдамды, жауапкершілік пен тиянақтықты, бастысы асқан адалдықты талап ететін қызметті абыроймен атқарған ол бірнеше мәрте Алғыс хаттармен марапатталды. Сондай-ақ, Жезқазған-Ұлытау аймағының тәртіп сақшыларының сулулық байқауында жеңіс тұғырынан көрінген Тоғжан мергендігімен еріптестері арасында оқ бойы озып тұрғаны да айта өткен жөн болар. Жеткен жетістіктері отбасының қолдауы мен оны дұрыс бағдарлай білген білікті басшы Аманкөз Алданиязовтің арқасында екенін жасырмаған Тоғжан Мұқанованың еңбек жолы ескелең ұрпаққа үлгі болар хақ.

Ел тыныштығы мен қауіпсіздігі жолында Тәуелсіз Қазақстанның одан әрі өркендеуі үшін талмай еңбек етіп жүрген қырандай қырағы сақшыларды мерекелерімен құттықтап, талайым табыстарға жете берудеріне тілек-теспіз.

Диана ОРАЗАЛИНА  
Суреттерді түсірген Фалия ӘБДИПАПАРОВА

ТАҒЫМ

# ҰЛТ РУХЫНЫҢ ШЫРАҚШЫСЫ ЕДІ

Қойшыбек Тоқтамысұлымен кейінгі 10-15 жылдың бедерінде етене араласып, жақын пікірлес болдым. Бұрын былайша танығаныммен, кеудесі қазынаға толы, ойлары терең, сөздері құнды қарияны жете білмеймін. Жасы тоқсаннан асқанша қолына қаламы түскен жоқ. Баспасөзде ойлы дүниелері жиі жарияланатын. «Ел қамын жеген Едігеше» ой толғады, ұлт болашағына, тіл тағдырына жаны ауырды. Ұлттық дәстүрлерімізді, қазақтық қасиеттерімізді кейінгі ұрпаққа жеткізіп, құлақтарына сіңіре беруді мұрат тұтты. Ұлт рухының түп тамырын Ұлытаудан іздеді, қасиетті өңірді қастерлей білуге шақырды. Қойшыбек кем дегенде 7-8 кітап шығарған шығар. Соның ең шұрайлы деген екі кітабының редакторы болдым. Ақсақалдың басты мақсатының сырына бойлай түстім. «Ой ойламай тірі боп жүру де бар, қуыс кеуде көптің бірі боп жүру де бар» деп отыратын. Осыдан үш жылдай бұрын 96 жасқа қараған шағында «Ақиқат» атты ең соңғы кітабын жинақтап шығарды. Қазақтың намысын қайрап, мүддесін ойлауға бейім тұратын. Сөйткен Қойшыбек бүгінде арамызда жоқ. Өткен жылдың соңына таман кеудесі қазынаға толы қара шал өмірден өтті. Енді ұлт рухының қырағы сақшысындай, әділдікті ту етіп, келеңсіздікке төзбейтін марқұмның өтір мінезін, ойлы сөздерін жадымызда жаңғыртып, өнегелі жолдарын еске алудан басқа қолымыздан не келеді.

«Мен өзі біртүрлі адаммын ғой» деп отыратын ағамыз кейде. Шыны керек, кемшілік пен әбестікке есте төзбей, бетке қатты айтатын Қойшыбекпен көп адамның сырттап жүретіні де рас. «Жүрген жері дауыл мен борасын» сынды жанды, әрине кім ұната қойсын. Не нәрсеге болмасын, бұл кісі ұлт мақсаты тұрғысынан қараушы еді. Көңілге жақпайтын іс көрсе, «шарт» ете қалатын шалт мінезі бар-тын. Әлі есімде, осыдан 8-9 жылдай бұрынғы Ұлы Жеңіс мерекесі кезі болатын. Соғыс ардагерлеріне құрмет пен қошемет көрсетілетін үлкен іс-шара «Байқоңыр» мейрамханасында ұйымдастырылған еді. Даладағы кіре берістің өзінен атшаптырым қырмызы кілем табанға төселіп, жағалай жас түлектер сәлем жолдап, үрлемелі оркестр «Даңқ» маршын әулетте ойнап жатқан. Бір кезде осы дүбегіе қарай қадам басқан Қойшыбек қалт тұра қалып, ұйымдастырушылардың біріне сұсты жүзбен таяғын кезеп: «Тоқтат, мына жыйнайыңды, қазақтың домбырасы қайда?» – деді ашуланып. Осындай меймекелеуді білмейтін, әр мінезді, әжет шалды кім жақсы көреді дейсіз. Сол мінезінен кейде топтан оқшау қарылып жүретін кезі де көп болатын. Атақты Шыңболтақ ақын осындай мінезіне риза болғанда: «дұрыс емес шалым» деп күшақтайды екен Қойшыбектің. Ал, ағамызбен сырласа қалғанда: «Қай жерде жүрсен де домбыраның үні етілсе, сен еріксіз елең етесің, көз алдыңа көң далаң, ақ пейілді асқақ елің келеді» деп бір қайырса, одан әрі: «нелер ғасырлар көк бөрі атанған отты әрі батыр бабалардың ұрпағы

енді ұсақталып, тарыдай шашылып бара жатқаны жаңға батады. Қазақ болайық, қасиетті ұлт өкімізді сезінейік. Бұл — өзіміз үшін, ел болып ұйысуымыз үшін керек» деп толғанатын.


Ағамыз Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа екі мәрте бата беру мәртебесіне ие болған адам еді. Тұңғыш Президент сайлауының алдында 1991 жылы 27 қарашада Жезқазған қаласында Назарбаевпен кездесу болғанда облыс ақсақалдары атынан Нұрсұлтан Әбішұлына бата берді. Батасын төкпелетіп өлеңмен арнағанда Елбасы риза болып, қолын алғанын көрдік. Астананың «Нұрсұлтан» деп атаса лайықты деген кейінгі батасы Президент кітапханасының көркей жерінде тұрғанын да көп адам біле бермей мүмкін.

...Қойшыбек — сұрапыл соғыс жылдарында еліміздің шығыс шекарасында сегіз жыл от кешуді бастан өткерген қырағы жауынгер. Соның әсері болар, қашанда қиядағы қырандай қырағы, өркес «саңқ» ете қалып, басқаларды өзмізді болсын деген оймен ізгілікке шақыратын. «Шығыс шекарасында 1941-ден 1949 жылға дейінгі жастық шағымның 8 жылын өткердім. Шекарада ың-шыңсыз жағдай болмайды. Аяқ астынан басталып кететін ұрысты, мазасыз күндер мен түндерді көп көрдік. Ауылда өскен орысшаға шала, қазақтың қарадомалақ баласын шекара ширатты. Біртіндеп төбесіне көтерді. Шамалы уақыттың ішінде мені застала комсоргы етіп сайлады. Одан соң партия қатарына өткізіп, застала парторгы міндетін

атқардым. Бір жыл кавалерия мектебін, алты ай кинолог оқуын оқыдым. Аттың құлағында ойнап, ұрыс салу, иттің сырын біліп, көмекшілікке баулу — шекарашының басты қасиеті. Әскер қатарындағы соңғы төрт жылымда застала бастығының саяси мәселелер жөніндегі көмекшісі, шекара күзетінің шебері болдым. Сегіз жыл дұшпандарға тойтарыс бере жүріп, шекара күзету — мені қырлады, шыңдады. Қайсар қазақ етті!», — деп өңгіме өрбітетін.

Ол өсіресе, Тәуелсіздік таңы атысымен туған тілдің мәртебесін асқақтату жолында тынымсыз тірлік кешті. Кезінде қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы Шустов, обкомның басшысы Давыдов сынды шонжарлардың алдында ұлт мүддесін қорғап, тайсалмаған Тоқтамысов тіл мәселесіне келгенде алпауыт компания «Қазақмыс» басшыларының да бетін бері бұрызғаны елдің есінде. Соның арқасында жаңа ғасыр қарсаңында корпорация жанынан «Қазақ тілі» қоғамы құрылып, біраз жыл жанды жұмыстарға ұйытқы болды. Бүкіл кеніштер мен кәсіпорындар қазақтың маржан сөздеріне мән беріп, маңдайшасына іліп қоятын жағдайға жеткен еді. Сәтбаев қаласында тұңғыш «Тіл мұражайын» ашқан да осы ағамыз болатын. Мәдениет министрлігінің «Тіл жанашыры» құрметті белгісімен облысымызда алғашқы болып марапатталғандардың бірі де Қойшыбек қария болатын. Өңірімізге келген бір сапарында өткен жылы өмірден өткен қаламгер, қоғам қайраткері Шерхан Мұртаза: «Тіл қорғаны Қойшыбектей болсын, сонда ғана қазақ тілі өркен жаяды» деп бата бергені бар-тын. Ұлт ұясы Ұлытаудың қасиетін асқақтату асыл арманына айналды. Дүйім елге Ұлытауды дәріптеп, 2007 жылы облыс басшыларының қатысуымен қасиетті таудың биік шыңына еліміздің көк туын тігіп, желбіреткені де есімде.

Ұш жылдай бұрын мазасыз қария мені бір шақырғанында былай деп еді: «Жас болса ғасырға таянды. Дала деген дарияны ой кемесімен шарладым. Жадымда жазылған, санамда сақталған асыл сөздердің ішінен «Қазақпын» дегенді ершеке пір тұтып, жүрегіме жақын көріп отырмын. Мазалаған көп ой еріксіз қолыма қалам алдырды. Мына жинақтаған кітабым сіре, соңғы дүнием болар. Оған әуелде «Сырлы сөз», «Қолтаңба», «Қазақ болайық» деген атауларды лайық көріп едім» деп өңгіме бастаған ағамыз осы кітабына редактор болсаң дегенді де емәуірімінен жеткізген еді. «Ойланайық, асықпайық» деген маған «Әй, ойланам



деп жүргенде мен келместің кемесіне мініп кетіп қалмаймын ба?» деп сол бағы дегбірсіз мінезіне баса бастады. Қарап шықтым. Ойлы дүние тұнған жазбалар, әсерлі ақ өлең шумақтары қызықтырып, өзіне тарта түскендей. Елге арнаған рухты сөздер ғой бұл деп бағалап, ақылдаса келе жана кітабының атауын «Ақиқат» деп қойған едік. Сол кітабын ағамыз Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арнады.

Айтқандайың бұл соңғы жинағы болды. Қойшыбек ақсақал көңіл төріндегі ақиқатың еліне арнаған қыратын айттып кеткен адам. Тек оны түсініп, бағалайтын жан болса деңіз. Кітапқа қашап жазылған ой қазынасы кейінгі ұрпаққа қалдырған аманат-мұрасы болар. «Жақсының аты өлмейді, галымның хаты өлмейді» дегендей, айтары бар ақсақалдың өнегелі сөздері мен артта қалған ой-мұрасы өшпесе екен дейміз.

Амандық РАХҰЛЫ



## «МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІГЕ ЖАН-ЖАҚТЫЛЫҚ ТӘН»

«Жастар мен отбасы институтын кешенді қолдау мемлекеттік саясаттың басымдығына айналуы тиіс. Жастардың барлық санатын қолдауға арналған шараларды толық қамтитын әлеуметтік сатының ауқымды платформасын қалыптастыру керек», — деп нақты атап өткен еді Елбасы. Жастығына қарамастан, ел игілігіне аянбай қызмет етіп жүрген жас мамандар қашаннан да жоғары сұранысқа ие. Біздің аймағымызда да осындай жалынды жастар жетерлік. Солардың бірі — жай ғана көп жұмыстың бірін емес, жауапкершілігі мол мемлекеттік қызметтің тұтқасын ұстаған — Дамира АЛТАЙБАЕВА. Жас та болса биік белестерді бағындырудан талмайтын Дамира Алтайбаева 1992 жылы Жезқазған қаласында туған. Нәзіктік пен өжеттікті өн бойына жинай білген Дамираның мемлекеттік қызмет саласындағы жұмыс барысымен таныспаққа әңгімеге тартқан болатынымыз.

— Дамира, оқырмандарға өзіңізді таныстырып өтсеңіз.

— Мен — № 21 жалпы білім беретін орта мектептің түлегімін. Отбасының тұңғышы да, көңкесі де өзімімін. Мектепті бітірген соң Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетіне қазақ тілі мен әдебиеті мамандығына оқуға түстім. Аз уақыт ұстаздық жұмыспен айналысқаннан кейін, 2017 жылы Жезқазған қалалық білім бөліміне бас маман болып орналастым. Кейін Ө.А.Байқоңыр атындағы Жезқазған университетінен заңгер мамандығын меңгеріп шықтым.

— Қазіргі қызметіңіздегі негізгі міндеттеріңіз қандай?

— Бұл жерге күніне тұрғындар сан түрлі сурақтармен келеді. Халықтың жиі мазалайтын мәселелеріге мектепке дейінгі білім беру, бұлдіршіндерді балабақша, мектеп кезегіне қою, олардың білім алу және денсаулық жағдайы сынды сауалдар жатады. Күніне кем дегенде 4-5 ата-анамен кездесемін. Бір күнде 20-25 ата-ана келетін күндер де болады. Олардың барлығының сауалдарына нақты жауап беріп, қолынан келгенше көмегімізді тигізуге тырысамын.

— Өмір жолыңызда үлгі тұтатын адамның бар ма?

— Әрине. Ұстазым Тәңірберген Оспановты өзіме үлгі етіп, оның өмір жолынан өнеге аламын. Оның көпшілігін, жомарттығын, өз кесібіне адалдығын қызмет бабында да үлгі етуден таңған емеспін.

— Тек жұмыспен ғана

шектеліп қалмай, жас болсаңыз да бас болып, түрлі қоғамдық іс-шараларға белсене қатысады екенсіз. Сол жөнінде кеңірек айтып өтсеңіз.

— Бүгінгі заманда тек жұмыспен ғана шектеліп қалмай, жан-жақты болу керек деп ойлаймын. «Мемлекеттік қызметкер» деген ұғымның өзі бейне әмбебаптықтың үлгісі секілді. Сол себепті де жұмыстан тыс уақытта өзімді жана қырымнан ашуға талпынамын. Мысалы, мемлекеттік қызметкерлер арасында өткен «Сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу және сыбайлас жемқорлықпен күресу жолдары» тақырыбындағы аймақтық эссе байқауында жүлделі ІІІ орынды иелендім. Сондай-ақ, «Ең үздік мемлекеттік қызметкер» байқауының облыстық деңгейіне дейін жетіп, үздік жетіліктің қатарына ендім. Алдағы күндері де алар асуларым молынан боларына сенемін.

— Болашақта қандай жоспарларыңыз бар?

— Мен үшін Жезқазған — әлемдегі ең жылы мекен. Болашақта Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясына магистратураға түсіп, білімімді жетілдіріп, туған өлкемізді дамуына өз үлесімді қосуды мақсат тұтамын.

— Әңгімеңізге үлкен рахмет. Жұмысыңызға сәттілік тілеймін!

Әңгімелескен  
Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН  
Суретті түсірген  
Фалия ӘБДИҒАППАРОВА

МЕРЕЙ

## «ТАҒДЫР СЫЙЫ»

Жезқазған аймағына Нұрлан Шамседенұлы Мағұмовтың есімі жақсы таныс екені анық. Бүгінде 70 жасқа толып отырған Нұрекен үлкенді-кішілі басшылық қызметте жүріп, өзі жетекшілік еткен ұжымдардың құрмет-қошеметіне бөленді. Тізіп айтар сый-сияпаты да, мемлекеттік марапаттары да жоқ. Кейбіреулер сияқты азды-көпті еңбегін сатып, атақ алуды да мансұқ тұтқан емес. Алдына айқын мақсат қойып, әр қадамын нық басқан жан. Қол жеткізген абырой-білігін ол тағдыр сыйы деп біледі.

Ата мекені — Ұлытау

Өзін қасиетті Ұлытаудың тумасымын дер еді Нұрлан. Бала кезінде асыр салып ойнағандық ме, ауасын жұтып, суын ішкендікі ме, әйтеуір Ұлытау өзіне тым ыстық, Атамекені екеніне сөз жоқ. Терісаққан өзені бойында өскі Шамседеннің кіндік қаны тамған. Атасы Мағұм әмірбақи Ұлытаудан бір қадам аттап шыққан емес. Нұрландарды жазғы демалысқа шығысымен ауылға әкеп тастайтын. Өздері де жаз шығуын асыға күтетін. Бала көңілі ауылды аңсап тұратын. Атасына жеткенше асық болатын. Жаздың жайдарлы күнінің нұрлы шуағына бөленген сол бақытты шағын Нұрлан еш ұмыта алмақ емес. Ол қашанда есінде жаңғырып тұрар еді.

Қанша жерден өзін «Мен Ұлытаудың тумасымын» деп мақтан ете айтқысы келгенімен, құжат жөніне келгенде тосылып қалар еді. Шындығында, Қарағанды қаласында дүниеге келіпті. Нұрлан Шамседенұлы 1949 жылдың маусым айында туған. Нұрланның байқауынша, ұлытаулықтардың бәрі, тіпті туыс-туғандары да әкесінің шын есімін біле бермейтін. Оны «Шамкен» деп атайтын. Ауылдастары іні-қарындастарымен ауылда жүрген Нұрландарды керісеме: «Міне жарайсыңдар,

лерімен жүргенде, жастық шағының ізін көргендей болар еді. Қаладағы небір ғимараттар құрылыс саласындағы өсу жолының куәгерінеді көзіне жылы ұшырар еді.

Құжат тілімен нақты айтар болсақ, 1971 жылы «Жезқазған НИПИқатмет» жобалау институтының құрылыс бөлімінде қатардағы техник болып бастаған ол аға техник, инженер, аға инженер лауазымына көтерілді, көшеңді жобалау бөлімі бастығының орынбасарлығына жоғарылатылды. Жас маман еңбек баспалдағымен биіктен-биікке өсе түсті. Білімін көтеруге де мықтап ден қойды. 1977 жылы Қарағанды қаласындағы политехникалық институтының кешкі факультетін бітіріп, инженер-құрылысшы мамандығын алып шықты. 1978 жылы Жезқазған облыстық атқару комитетінің күрделі құрылыс басқармасының бас инженері жоғары лауазымына тағайындалып, үлкен сенім артылды. Қазір өткенге ой жүгірте отырып, сол бір кез есіне түскенде кәдімгідей жүрегі алып-ұшып, дегбірсізденіп, әлде бір қобалжуды бастан өткөзеді. Енді қалайша, небәрі отыз жастың арғы-бергі жағындағы жас жігіттің сондай жауапты жұмысқа тайсалмай белсене кіріскеніне таңы бар. Соны есіне алғанда, үлкен ауқымды жұмысқа басшылық ету өзіне дәл бүгін жүктеліп тұрғандай жүрексінуге бой ұратын.

Алған бетінен қайтпайтын жастық жігермен Нұрлан жемді түріп, жаңа іске кірісіп кеткен. Бұл құрылыс басқармасының басты міндеті салынатын ғимараттардың жобалық-сметалық құжаттарын әзірлеу болатын. Жас Жезқазған облысының шаңырақ көтергеніне 10 жылдай болып қалған. Әйтсе де, облыс орталығына лайықты үлкен-үлкен ғимараттарды салу әлі қолға алынар емес. Құрылысшылардың жұмысы маңдаймай



Шамкеннің балалары атасына келіп қалған екен ғой» десетін.

Нұрланның білетіні, 1917 жылы туған әкесі Шамседен 1939 жылдан бастап, 1941 жылға дейін өскер училещеде оқиды. Оны бітірісімен соғысқа жіберіледі. 1942 жылдың аяғына таман ауыр жараланады. Госпитальда ұзақ емделген оны соғысқа қайта бағуға жарамсыз деп табады. Сөйтіп, өскери қызметкер ретінде соғыс жылдары Ұлытау аудандық өскери комиссариатында қызмет атқарады. Сосын Қарағанды қаласында, одан кейін Алматы облысының Талдықорған қаласында өскери қызметте болады. Әкем 1963 жылы Жезқазғанға жұмысын ауыстырады.

Жезқазған қаласындағы №4 мектептің сегізінші сыныбын бітірген Нұрлан жылдағыдай алаңсыз ауылда жүрген Әкесі жеделхатпен мұны Жезқазғанға шақыртыпты. Нұрлан әкесінің сонша жедел шақыртықанына аң-таң болып жеткен еді. Әкесі өзі апарып, Жезқазған құрылыс техникумына бар құжатын тапсырды. Алғашқы бетте Нұрлан өзі айтқанына кенбей, «Мен онда оқығым келмейді, орта мектепті бітіріп алайын, сосын дәрігер болғым келеді» деп қипақтап еді, онысынан өштеңе шықпады. Әкесі бойына сіңген өскери тәртіппен бұйыра сөйледі:

— Оқисың! Техникумды бітіріп, жұмыс істейсің. Өзіңнен кейінгі төрт қарындасың мен інімді сен оқытасың. Мен болсам көп ұзамай зейнеткерлікке шығамын», — десін әкесі.

Сөйтіп, әке айтуымен Жезқазған құрылыс техникумын 1968 жылы тәмамдап, алған мамандығы бойынша наурыз айынан бастап техник-құрылысшы болып жұмыс істеп жүргенде, сол жылдың күзінде өскер қатарына шақырылды. Нұрлан өскери борышын Солтүстік Флотта өз мамандығы бойынша өскер құрылысшы бола жүріп өтейді. Ең бастысы, осы екі жылда іс-тәжірибе жинақтап, құрылыс мамандығына төселе түсті.

Қазір еске алып отырса, қандай да бір қиындықты жеңетін бастапқы күш — шыдамдылық сол жастық шақтан қалыптаса бастаған екен. Әскер қатарында жүргенде солтүстік қысының адам төзгісіз қанауы өзін құрыштай шынықтырған екен. Міне, өмір бойы сол шыдамдылықты серік ете біліпті. Осы ғұмырында жеткен жетістігіне, алған асуына сол шыдамдылықтың ықпал еткені сөзсіз.

Құрылыстағы өсу

Нұрлан Шамседенұлы бар ғұмырында Жезқазған қаласымен бірге жасынып келеді. Мұны тағдыр сыйы деп біледі ол. Осында құрылыс мамандығын алды. Осы саладағы еңбек жолын бастады. Елімізде «мыс шаһары» деген атымен даңққа бөленген қаланың көше-

түр. Себебі не? Құрылысшылар болса, күрделі құрылыс басқармасын қиналайды. Әйткені, жаңа құрылыстардың жобалық-сметалық құжаттары уақытылы даярланбайды. Ал бұл жұхатта тек құрылыс көлемі ғана емес, сонымен қатар, жиһаздары, түрлі жабдықтар, тіпті өсік тұтқасына дейін өскерілуі керек. Ұсақ-түйегіне дейін тайға таңба басқандай ойластырылып пішілуіге тиіс. Бәрі ауызбен айтуға оңай, ал іс жүзінде інемем құндық қазғандай жұмыс.

Нұрлан Шамседенұлының дәл кешегідей бәрі жадында. Жезқазған қаласындағы аэровокзал, 500 орындық тоғыз қабатты орталық аурухана, облыс әкімдігінің ғимараты, 60 орындық онкологиялық диспансер, Сәтбаев қаласындағы 200 орындық тубдиспансер, сондай-ақ, Ақтоғай, Ақадыр және Шеттеп аудандық ауруханалар, облыс бойынша салынған оншақты мектеп құрылысы, бірнеше көп қабатты тұрғын үйлер — өзі жетекшілік еткен басқарманың сол саналы жылдардағы еңбек қолтаңбасы.

Бәрі еске оралады-ау, сол кездегі облыстық атқару комитетінің төрағасы Х.Б.Жұмабеков бас инженер қызметіне тағайындалғанына бір жылдан астам уақыт өткенде кабинетіне шақырды. Үлкен кісі жас жігітті отырған орнынан тұрып, аса ітілпатпен қарсы алды. Мұны күтпеген Нұрлан Шамседенұлы қарадай қысылып қалсын.

— Нұрлан Шамседенұлы, саған дән ризамын. Аз уақытта көп жұмысты ретке қоя білдің. Мынау сол еңбегіңнің сыйақысы — үш бөлмелі пәтердің кілті, — деп еді.

Партиялық қызметте

Өзің сүйген іспен құлшына айналысатының өтене-ден белгілі. Басында әке ұйғарымымен осы құрылысшы мамандығын игерсе, жылдар өте жанындай сүйгені сонша, құрылыс досе ішер асын қоя тұратындай дәрежеге жетті. Бұл да болса тағдыр сыйы деп біледі Нұрлан. Бірақ өзі партия қызметкері боламын деген үш ұйықта-са түсіне кірмеген.

1983 жыл Тамыз айы. Қазақстан Компартиясы Жезқазған қалалық комитеті құрылыс және қала шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі қызметіне тағайындалды.

Әлі есінде, обкомның бірінші хатшысы Давыдов бұл қызметке тағайындағанда:

— Бізге Нұрлан Шамседенұлы Мағұмовтай сауатты инженер керек. Қалалық партия комитетінің білдей бір бөлімін жас коммунистке тапсырып отырмыз. Өздеріңіз білесіздер, құрылыс басқармасын жемісті басқару арқылы ол өзін көрсете білді. Ал партия қызметінің жауапкершілігі тым зор. Ол басқаратын бөлім — қалалық комитеттің айнасы. Құрылыс пен қала шару-



ашылығы — аса ауқымы кең жұмыс. Бұл орайда Нұрлан Шамседенұлы партиялық басшылық пен ұйымдастырушылықты жете көрсете алады деген сенімдемін, — деген тұрғыда сөз қозғап, өзінің атына қадау-қадау мақтау айтқан-ды.

Шынында да, қала шаруашылығы деген толып жатқан жұмыс болып шықты. Қаланы жылумен, сумен қамтамасыз ету, көшелерді абаттандыру мен тазалығы және тағы басқа коммуналдық қызметтердің мән-жайына қанығуына тура келді. Одан қалды осы бөлім жұмысына байланысты партия конференциялары мен пленумдарына анықтамалар даярлаудың жауапкершілігі өз алдына бастан асатын жұмыс. Бойындағы асыл қасиет — шыдамдылықтың арқасында Нұрлан аз уақытта бұл істі де меңгеріп алды. Сол кездегі қаланың бірінші басшысы Ошақбай Асылбековтен айтарлықтай тәлім-тағлым алды.

Ол кезде партиялық қызмет кадр даярлаудың үлкен мектебі болғанын жоққа шығара алмас едік. Жезқазған қалалық партия комитетінде қызмет еткен екі жыл Жезқазған құрылыс комбинаты парткомның хатшысы болған екі жыл оны шыңдай түсті.

Банк басшысы

Нұрлан қамал бұзар қырық жасқа да әлі толып үлгірмеген еді. Дәлірек айтқанда, 37 жасында оған тосын ұсыныс жасалды. Облыстық партия комитеті Нұрлан Шамседенұлына «Стройбанкке» жетекшілік етуді ұсынды. Ол бірден қарсылық білдірді. Банк жұмысынан тіпті бейхабарымен дегенді алға тартты.

Кейін барып білді, «Стройбанк» алты ай басшысы тұрыпты. Бұл орынға таласқандар да көп болыпты. Небір мықтылар банкке басшылық етуге үміттеніпті. Бірақ, обком таңдауы Нұрлан Шамседенұлына түсіпті. Ұсыныс обкомның бірінші хатшысы Давыдовтың өзінен туындап жатқанын бірте-бірте ұғына түсті. Келісім бермей жүргеніне 6 ай өткенде бірінші хатшы өз кабинетіне шақырды. «Стройбанкке» бармасаң, ертеңнен бастап жылы орынның қолтаса бер дегенге дейін барды. Алып ауданның бірінше отқарағанының орынбасары етіп жіберемін деген қорқытты. Мұнысы жыл қорқыту емесін ол ұқты. Сосын келіспесе амағы қалмады.

Давыдовтың өзі айтса айтқандай-ақ, бұл қызмет білікті құрылыс инженері ретінде ұсынылып отырғаны тегіннен-тегін емес екен. «Стройбанк» салынатын нысанға қаржыны бере салмайды екен. Сол қаржының не үшін бөлінгенін өлден тексеруге тиісті екен. Банк өр тиындық ұқыпты, орындау мұқабасына жауапты екенін алғашқы күннен бастап сезіне түскен. Бір жылдан соң банк атауы өзгеріп, «Промстройбанк» болып қайта құрылды, ол Жезқазған облыстық басқармасының бастығы болып тағайындалды. Сол 1988, 1989 жылдары «Шұбаркөл» көл орнын игеру», «Құмкөл» мұнай құбыры салу тәрізді ірі құрылыстар қолға алынған еді. Сондай Жезқазған, Балқаш, Жәйрем, Қаражал, Ақшатау, көн ендірісіне көп қаржы бөлініп, толық игерілді. Сол ендіріс орындары бүгінде де пайдаланылып отыр.

Ж

## КОНКУРС

# ЕЛБАСЫ КІТАПХАНАСЫ мен ЕЛБАСЫ ҚОРЫ ЖУРНАЛИСТЕР ҮШІН «ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕЛБАСЫ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНКУРСЫН ЖАРИЯЛАЙДЫ

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасы мен Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Қорыбаспа, электрондық және аудиовизуалдық бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің арасында белгіленген тақырыпқа арналған үздік материалға халықаралық шығармашылық ашық конкурс жариялайды.

Конкурстың мақсаты – еліміздің тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерін көрсету, қазақстандық мемлекеттіктің негізі ретінде «Назарбаев моделін», Елбасының идеялары мен бастамаларын танымал ету, халықаралық журналистер қауымдастығында келешегі бар жаңа есімдерді анықтау.

Конкурс бес номинация бойынша өткізіледі:

- «Үздік телевизиялық материал»;
- «Үздік радиоматериал»;

- «Газеттер мен журналдардағы үздік мақала»;
- «Ғаламтор БАҚ-тағы үздік жарияланым»;
- «Шетелдік БАҚ-тағы үздік жарияланым».

Әр номинация бойынша конкурс жеңімпаздарына 1 миллион теңге мөлшерінде ақшалай жұлде беріледі, ал екінші және үшінші орындар үшін тиісінше – 500 мың және 200 мың теңге беріледі. Одан басқа, барлық жүлдегерлерге дипломдар мен омырауға тағатын белгілер тапсырылады.

Конкурсқа жеке және ұжымдық авторлар тек бір номинация бойынша қатыса алады.

Конкурсқа 2018 жылғы 10 қазан мен 2019 жылғы 10 қазан аралығында ресми жарияланған (алғаш рет жарияланған, эфирге шығарылған, ғаламторда орналастырылған) бірегей материалдар қабылданады.

Құрамына белгілі журналистер, Қазақстанның көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері енген Комиссия Конкурссты қорытындылайды.

Конкурс жеңімпаздарын салтанатты марапаттау рәсімі Тәуелсіздік күні қарсаңында өтеді.

Конкурсқа қатысуға өтінімдер 2019 жылғы 3 маусым мен 20 қазан (қоса алғанда) аралығында келу тәртібімен немесе пошта арқылы мына мекенжайда қабылданады: **Z05S5X1, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Ә.Бөкейхан көшесі, 1, 404 бөлме., «Қазақстан Тәуелсіздігі және Елбасы» конкурсына» деген белгілеумен, байланыс телефондары: (7172) 69-30-54, 69-30-56, 69-30-57, 69-30-51.**

Конкурсты өткізудің шарттары мен мерзімдері туралы толық ақпаратпен **www.presidentlibrary.kz** және **www.fpp.kz** сайттарында танысуға болады.

## «ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІ ЖӘНЕ ЕЛБАСЫ» АТТЫ БАСПА, ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЖӘНЕ АУДИОВИЗУАЛДЫҚ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ АРАСЫНДАҒЫ АШЫҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНКУРС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

### 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының кітапханасы» мемлекеттік мекемесі және Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасының Қоры баспа, электрондық және аудиовизуалдық бұқаралық ақпарат құралдары (бұдан әрі – БАҚ) қызметкерлерінің арасында Конкурс номинациясына сәйкес ашық халықаралық конкурс (бұдан әрі – Конкурс) өткізеді.

1.2. Конкурс номинациясы «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының кітапханасы» мемлекеттік мекемесі және Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы Қорының бірілескен бұйрығымен жыл сайын бекітіледі.

#### 1.3. Конкурстың мақсаты:

– қазақстандық мемлекеттіліктің негізі ретіндегі «Назарбаев моделін»; Елбасының идеялары мен бастамаларын көпшілікке тарату;

– халықаралық кеңістікте еліміздің тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктерін ақпараттық-имидждік ілгерілету;

– баспа және электрондық БАҚ қызметкерлерінің өзін-өзі шығармашылық тұрғыдан дамытуы мен кәсіби өсуі үшін моральдық және материалдық ынталандыру;

– халықаралық журналистер қауымдастығында келешегі бар жаңа есімдерді анықтау;

– Елбасы кітапханасының архиві, кітапханасы және әксіозиция қорындағы материалдарды медиа айналымға енгізу.

1.4. Конкурс келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

1) **«Үздік телевизиялық материал»** (телеочерк, жаңалық бейнесюжеті, талдамалық шолу, арнайы репортаж, сұхбат, пікір білдіру, деректі фильм);

2) **«Үздік радиоматериал»** (радиобағдарлама, радиошолу, радиоочерк, радиокөйілім, талдамалық шолу, сұхбат);

3) **«Газеттер мен журналдардағы үздік мақала»** (мақала, очерк, эссе, талдамалық шолу, репортаж, сұхбат);

4) **«Ғаламтор БАҚ-тағы үздік жарияланым»** (ақпа-

раттық хабарлама, очерк, талдамалық шолу, сұхбат, репортаж, шолу, эссе);

5) **«Шетелдік БАҚ-тағы үздік жарияланым»** (Қазақстан мен Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің бастамалары туралы шетелдік БАҚ-тарда жарияланған материалдар).

1.5. Конкурс туралы барлық ақпарат Конкурс ұйымдастырушыларының [www.presidentlibrary.kz](http://www.presidentlibrary.kz) және <http://www.presidentfoundation.kz> сайттарында жарияланады.

1.6. Қатысушыларды ақпараттық және техникалық қолдау мақсатында Кітапхананың [www.presidentlibrary.kz](http://www.presidentlibrary.kz) сайтында және YouTube порталында (арна: Тұңғыш Президент кітапханасы) Елбасы кітапханасының қызметі туралы бейнематериалдар орналастырылған.

#### 2. НОМИНАЦИЯЛАР БОЙЫНША СЫЙАҚЫ КӨЛЕМІ

2.1. Конкурстың сыйақы қоры 8 500 000 теңгені құрайды және номинациялар бойынша төмендегідей бөлінеді:

##### «Үздік телевизиялық материал»

- орын – 1 000 000 теңге;
- орын – 500 000 теңге;
- орын – 200 000 теңге.

##### «Үздік радиоматериал»

- орын – 1 000 000 теңге;
- орын – 500 000 теңге;
- орын – 200 000 теңге.

##### «Газеттер мен журналдардағы үздік мақала»

- орын – 1 000 000 теңге;
- орын – 500 000 теңге;
- орын – 200 000 теңге.

##### «Ғаламтор БАҚ-тағы үздік жарияланым»

- орын – 1000 000 теңге;
- орын – 500 000 теңге;
- орын – 200 000 теңге.

##### «Шетелдік БАҚ-тағы үздік жарияланым»

- орын – 1000 000 теңге;
- орын – 500 000 теңге;
- орын – 200 000 теңге.

2.2. Жүлделі орындарды иеленген конкурсанттарға ар-

найы төсбелгілер, дипломдар, куәліктер, дипломдар мен ақшалай сыйақылар тапсырылады.

#### 3. КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ МЕРЗІМІ МЕН ШАРТТАРЫ

3.1. Конкурсқа 2018 жылғы 10 қазан мен 2019 жылғы 10 қазан(қоса алғанда) аралығында ресми жарияланған (алғаш жарияланған, эфирге шығарылған, ғаламторда орналастырылған) бірегей материалдар қабылданады.

3.2. Конкурсқа қатысуға өтінімдер 2019 жылғы 1 маусым мен 20 қазан (қоса алғанда) аралығында келу тәртібімен немесе пошта арқылы мына мекенжайда қабылданады: **Z05S5X1, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Ә.Бөкейхан көшесі, 1, 404 бөлме., «Қазақстан Тәуелсіздігі және Елбасы» конкурсына» деген белгілеумен, байланыс телефондары: (7172) 69-30-54, 69-30-56, 69-30-57, 69-30-51).**

3.3. Конкурсқа қатысу үшін төмендегі құжаттар негіздеме болып табылады:

– қоса жалғанған нысанға сәйкес өтінім-сауалнама;

– конкурстық жұмыс;

– жеке куәліктің немесе паспорттың көшірмесі;

– БАҚ басшысы растаған жұмыс орнынан анықтамa;

– аталған БАҚ-та материалдың жарияланғаны туралы эфирлік анықтама.

3.4. Конкурсқа жеке және ұжымдық авторлар тек бір номинация бойынша қатыса алады. Соның ішінде бір тақырып-пен біріктірілген материалдар топтамасын ұсынуға болады.

3.5. Автор (авторлар ұжымы) өтінімге қол қоя отырып, Конкурс ұйымдастырушыларына Конкурс жұмыстарын БАҚ-ында орналастыруға автоматты түрде келісімін береді.

3.6. Конкурстық жұмыстарды ұсыну үлгісі:

– телевизиялық өнім – ғаламтордағы сілтемелері көрсетілген дискідегі бейнесюжет;

– радиохабар өнімі – дискідегі аудиожазба және трансляциялау фактісін растайтын құжат;

– мерзімді баспасөз өнімі – ғаламтордағы сілтемелері көрсетілген мақаланың сканерленген электрондық данасы;

– Ғаламтор БАҚ-тағы өнім – ғаламтордағы сілтемелері көрсетілген «Word» форматындағы жарияланымның

электрондық нұсқасы.

3.7. Конкурстық жұмыстар көлемі бойынша шектелмейді.

3.8. Конкурстық жұмыстарды бағалау өлшемдері (10 балдық шкала бойынша):

– конкурстық жұмыс мазмұнының конкурстың мақсаттарына сәйкестігі;

– шығармашылық жаңашылдығы және идеяның бірегейлігі;

– жұмыс мазмұнының тереңдігі;

– орындаудың техникалық деңгейі (оның ішінде инфографика, 3D-графиканы пайдалану деңгейі және т. б.);

– жалпы эстетикалық және эмоциялық қабылдау.

3.9. Конкурстың жұмыс өлемнің барлық тілдерінде қабылданады.

3.10. Автор (авторлар ұжымы) Конкурстық жұмыстың мазмұны мен авторлығының дұрыстығы үшін жауап береді.

3.11. Жарнамалық сипаттағы жұмыс Конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

3.12. Қажет болған жағдайда Конкурс ұйымдастырушылары қатысушыдан қосымша мәліметтерді, материалдың сәйкестігін, оның шығу мерзімін, авторлығын растайтын құжаттарды талап етуге құқылы.

3.13. Конкурс ұйымдастырушылары жекелеген номинациялар мен орындар бойынша сыйлықтар бермеу, сондай-ақ, номинациялар арасында жүлде қорын қайта бөлу құқықтарын өзге қалдырады.

3.14. Конкурсқа жіберілген жұмыстар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

#### 4. КОНКУРС ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫН ШЫҒАРУ

4.1.Конкурс қорытындысын Конкурстық комиссия шығарады.

4.2. Конкурс өтінімдері 2019 жылғы 1 маусым мен 20 қазанға (қоса алғанда) дейін қабылданады.

4.3. Конкурстық жұмыстарды іріктеу және қорытындылау 2019 жылғы 25 қарашаға дейін жүргізіледі.

4.4. Конкурс жеңімпаздарын марапаттау салтанаты **2019 жылғы 1 желтоқсан мен 13 желтоқсан** аралығында өтеді.

## БИЗНЕСТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЖӨНІНДЕГІ «ПАРЫЗ» КОНКУРСЫН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы «Бизнесінің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсы туралы» №523 Жарлығына сәйкес, Қазақстанның жеке кәсіпкерлік нысандарының корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік үрдістерін қалыптастыру мен ілгерілету және оларды осы саладағы ең үздік тәжірибені игеруге ынталандыру мақсатында жыл сайын бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсын өткізу белгіленді.

Үміткерлер тұтас алғанда қоғамның, оның ішінде жеке кәсіпкерлік нысаны кәсіпкерлерінің әл-ауқатын жақсартуға бағытталған, өздерінің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігін растайтын әлеуметтік бағдарламаларын ұсынуға тиіс.

Бизнесінің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсы төмендегі номинациялар бойынша өткізіледі:

1) «Үздік әлеуметтік жауапты кәсіпорын» (номинациясында өз персоналы қолдауға бағытталған әлеуметтік бағдарламаларды (еңбекқақыны және әлеуметтік төлемдерді төлеуді, еңбекті қорғауды, кадрларды кәсіби даярлау

мен қайта даярлау жүйесін ұйымдастыру және тағы басқалар) іске асыратын үміткерлердің қызметі қаралады);

2) «Еңбекті қорғау саласындағы үздік кәсіпорын» (номинациясында тұтас алғанда қоғамның және атап айтқанда өз ұйымы қызметкерлерінің еңбекті қорғау саласында бағытталған бағдарламаларды іске асыратын үміткерлердің қызметі қаралады);

3) «Үздік ұжымдық шарт» (номинациясында Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, қызметкерлердің еңбек және әлеуметтік құқықтарын едеуір жақсартатын және нығайтатын ұжымдық шарттар қаралады);

4) «Экологияға қосқан үлесі үшін» (номинациясында талапкердің корпоративтік әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік ұстанымдардан жоғары нәтижеге жеткен қызметі қаралады)

Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы №523 Жарлығымен бекітілген бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз» конкурсын өткізу ережесі Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты

әлеуметтік қорғау министрлігінің веб-сайтында жарияланған ([www.enbek.kz](http://www.enbek.kz)).

Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі өтінімдерді жыл сайын 1 желтоқсанға дейін қабылдайды, мекенжайы: 010000 **Астана қаласы, сол жақ жағалау, Орынбор көшесі, 2 үй, Министрлер үйі, 952 кабинет.** Электронды поштасы: **socpar@enbek.kz**, анықтама телефоны: **8(7172) 74-35-11** немесе «Қарағанды облысының еңбек инспекциясы жөніндегі басқармасы» ММ электронды поштасы: **otk\_uit@mail.ru, 8(7212) 302524** телефоны бойынша **2019 жылғы 1 қазанға дейінгі** мерзімде ұсыну қажет.

Жүргізіліп жатқан ақпараттық – түсіндіру жұмысы туралы ақпарат (сонымен қатар жарияланымдар) және конкурсқа қатысқысы келетін әлеуметтік бағытталған бизнес компанияларының тізімі аял сайын есептік мекеннен кейінгі айдың 1-не қарай 765670 факсына, әлпошта: **sektor\_zan@mail.ru** немесе пошта арқылы: **100600, Жезқазған қ. Ғарышкерлер бульвары, 39 А. «Жезқазған қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ ұсынсын.**

**Байланыс тел.: 763323, 765670.**

## ЖОБА

### ПРОБАЦИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЕСЕБІНДЕ ТҰРҒАН АДАМДАРДЫ ЖӘНЕ БАС БОСТАНДЫҒЫНАН АЙЫРУ ОРЫНДАРЫНА БОСАТЫЛҒАН АДАМДАРДЫ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРУ ҮШІН ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫНА КВОТА БЕЛГІЛЕУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18-бабының 1 тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18-бабының 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, 2016 жылғы 6 сәуірдегі «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 9-бабының 7), 8) тармақшаларына, «Ата-анасынан көмелетті жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды, пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 26 мамырдағы № 412 бұйрығына (нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13898 болып тіркелген) сәйкес Жезқазған қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жұмыс орындарының квотасы белгіленсін.

1) осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру

*Жезқазған қаласы әкімдігінің 2019 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ № /\_\_ қаулысына 1 қосымша*

#### Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін жұмыс орындары квотасы белгіленетін Жезқазған қаласы ұйымдарының тізімі

№	Мекеменің аты-жөні	Қызметкерлердің тізімдік саны	Квота мөлшері (% қызметкерлердің тізімдік санының)	Пробация қызметінің есебінде тұрған азаматтар үшін жұмыс орындар саны
1	«Ақниет», «Үміт», «Жаса», «Жаңа Ғасыр» пәтер иелерінің кооперативі	48	1	1
2	«Шанс», «Арман Айда», «Достық Аян», «Янтарь», «Уют-2007» пәтер иелерінің кооперативі	40	1	1
3	«Тәуекел-2016», «Самға», «Жалғас», «Светлана-Луч», «Алтай-2006» пәтер иелерінің кооперативі	40	1	1
4	«Максим-2006», «Фортуна», «Строитель-2006», «Надежда-1» пәтер иелерінің кооперативі	44	1	1
5	«UTARI KZ LTD» өнеркәсіптік кешені жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	437	1	4
6	«Құрылыс» жеке кәсіпкері	70	1	1
7	«Қалалық автожолдар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	160	1	2
8	«Жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорыны» акционерлік қоғамы	762	1	7
9	«Қарағанды облысы Жезқазған қаласының қарттар мен мүгедектерінің медициналық-әлеуметтік мекемесі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі	144	1	1

*Жезқазған қаласы әкімдігінің 2019 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ № /\_\_ қаулысына 2 қосымша*

#### Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін жұмыс орындары квотасы белгіленетін Жезқазған қаласы ұйымдарының тізімі

№	Мекеменің аты-жөні	Қызметкерлердің тізімдік саны	Квота мөлшері (% қызметкерлердің тізімдік санының)	Пробация қызметінің есебінде тұрған азаматтар үшін жұмыс орындар саны
1	«Ақниет», «Үміт» пәтер иелерінің кооперативі	48	1	1
2	«Қалалық автожолдар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	160	1	2
3	«Құрылыс» жеке кәсіпкері	70	1	1

## ХАБАРЛАМА

«Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, жылу энергиясын пайдалану ережелеріне және Қарағанды облысындағы жылыту маусымын дайындау және өткізу ережелеріне сәйкес барлық тұтынушылар өз бөлмелерін жылыту маусымына дайындауға міндетті. Осыған байланысты біз сіздердің үйлеріңізді қысқа дайындауға, сондай-ақ «ЖСЖК» АҚ-мен байланысуға және оларды дайындау уақытын хабардан етуге шақырамыз. Олай болмаған жағдайда қателіктер түзетілгенге дейін ыстық сумен қамтамасыз етуге шектеу қойылады. Жылыту маусымына дайындық кестесін ұсынамыз.

КЕЛІСІЛДІ

*«ЖСЖК» АҚ директоры*

*Б. Аманбаев*

«\_\_» \_\_\_\_\_ 2019 ж

БЕКІТЕМІН

*Жезқазған қ. өкімінің орынбасары*

ХАБАРЛАМА

(Соңы. Басы 5-бетте.)

**ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ КӨП ҚАБАТТЫ ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІҢ 2019-2020 ЖЫЛҒЫ ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫНА ДАЙЫНДЫҚ КЕСТЕСІ**

№	Мекенжай	ПІКК	Тапсыру уақыты
1	Абай к-сі, 42	жоқ	06.05.19 - 12.05.19
2	Абай к-сі, 44	жоқ	06.05.19 - 12.05.19
3	Абай к-сі, 49	жоқ	06.05.19 - 12.05.19
4	Абай к-сі, 54	жоқ	06.05.19 - 12.05.19
5	Абай к-сі, 56	жоқ	06.05.19 - 12.05.19
6	Абай к-сі, 65	жоқ	06.05.19 - 12.05.19
7	Абай к-сі, 83	жоқ	06.05.19 - 12.05.19
8	Абай к-сі, 85	жоқ	06.05.19 - 12.05.19
9	Байқоңыров к-сі, 34	жоқ	06.05.19 - 12.05.19
10	Байқоңыров к-сі, 38	жоқ	06.05.19 - 12.05.19
11	Байқоңыров к-сі, 42	жоқ	06.05.19 - 12.05.19
12	Байқоңыров к-сі, 44	жоқ	06.05.19 - 12.05.19
13	Байқоңыров к-сі, 48	жоқ	06.05.19 - 12.05.19
14	Байқоңыров к-сі, 50	жоқ	06.05.19 - 12.05.19
15	Ломоносов к-сі, 9	жоқ	06.05.19 - 12.05.19
16	Ломоносов к-сі, 10	жоқ	06.05.19 - 12.05.19
17	Ломоносов к-сі, 11	жоқ	06.05.19 - 12.05.19
18	Ломоносов к-сі, 12	жоқ	06.05.19 - 12.05.19
19	Ломоносов к-сі, 14	жоқ	06.05.19 - 12.05.19
20	Ломоносов к-сі, 16	жоқ	06.05.19 - 12.05.19
21	Ломоносов к-сі, 18	жоқ	06.05.19 - 12.05.19
22	Пугачев к-сі, 4	жоқ	06.05.19 - 12.05.19
23	Пугачев к-сі, 6	жоқ	06.05.19 - 12.05.19
24	Пугачев к-сі, 8	жоқ	06.05.19 - 12.05.19
25	Пугачев к-сі, 14	жоқ	06.05.19 - 12.05.19
26	Пугачев к-сі, 22	жоқ	06.05.19 - 12.05.19
27	Пугачев к-сі, 24	жоқ	06.05.19 - 12.05.19
28	Пугачев к-сі, 30	жоқ	06.05.19 - 12.05.19
29	Пугачев к-сі, 32	жоқ	06.05.19 - 12.05.19
30	Пугачев к-сі, 34	жоқ	06.05.19 - 12.05.19
31	Пугачев к-сі, 36	жоқ	06.05.19 - 12.05.19
32	Аманжолов к-сі, 5	жоқ	13.05.19 - 19.05.19
33	Аманжолов к-сі, 34	жоқ	13.05.19 - 19.05.19
34	Аманжолов к-сі, 36	жоқ	13.05.19 - 19.05.19
35	Анарқұлов к-сі, 16	жоқ	13.05.19 - 19.05.19
36	Асылбеков к-сі, 98	жоқ	13.05.19 - 19.05.19
37	Әмірәлин к-сі, 23	жоқ	13.05.19 - 19.05.19
38	Байқоңыров к-сі, 4	жоқ	13.05.19 - 19.05.19
39	Байқоңыров к-сі, 11	жоқ	13.05.19 - 19.05.19
40	Байқоңыров к-сі, 13	жоқ	13.05.19 - 19.05.19
41	Байқоңыров к-сі, 14	жоқ	13.05.19 - 19.05.19
42	Байқоңыров к-сі, 15	жоқ	13.05.19 - 19.05.19
43	Байқоңыров к-сі, 16	жоқ	13.05.19 - 19.05.19
44	Байқоңыров к-сі, 17	жоқ	13.05.19 - 19.05.19
45	Момышұлы к-сі, 11 (Гарышкерлер д-лы, 20)	жоқ	13.05.19 - 19.05.19
46	Гарышкерлер д-лы, 21	жоқ	13.05.19 - 19.05.19
47	Гарышкерлер д-лы, 22	жоқ	13.05.19 - 19.05.19
48	Есеңберлин к-сі, 51 жа-жа	жоқ	13.05.19 - 19.05.19
49	Бейбітшілік д-лы, 2	жоқ	13.05.19 - 19.05.19
50	Бейбітшілік д-лы, 5	жоқ	13.05.19 - 19.05.19
51	Бейбітшілік д-лы, 69	жоқ	13.05.19 - 19.05.19
52	Сейфуллин к-сі, 4 (Некрасов к-сі, 35)	жоқ	13.05.19 - 19.05.19
53	Момышұлы к-сі, 27 (Некрасов к-сі, 50а)	жоқ	13.05.19 - 19.05.19
54	Некрасов к-сі, 3	жоқ	13.05.19 - 19.05.19
55	Некрасов к-сі, 4	жоқ	13.05.19 - 19.05.19
56	Некрасов к-сі, 6	жоқ	13.05.19 - 19.05.19
57	Некрасов к-сі, 13	жоқ	13.05.19 - 19.05.19
58	Некрасов к-сі, 15	жоқ	13.05.19 - 19.05.19
59	Некрасов к-сі, 17	жоқ	13.05.19 - 19.05.19
60	Гагарин к-сі, 19	жоқ	13.05.19 - 19.05.19
61	Омаров к-сі, 24	жоқ	13.05.19 - 19.05.19
62	Омаров к-сі, 32	жоқ	13.05.19 - 19.05.19
63	Балхаш к-сі, 1	жоқ	20.05.19 - 26.05.19
64	Гагарин к-сі, 72/2	жоқ	20.05.19 - 26.05.19
65	Жанасов к-сі, 11	жоқ	20.05.19 - 26.05.19
66	Жанасов к-сі, 13	жоқ	20.05.19 - 26.05.19
67	Жанасов к-сі, 19	жоқ	20.05.19 - 26.05.19
68	Жанасов к-сі, 21	жоқ	20.05.19 - 26.05.19
69	Жанасов к-сі, 25	жоқ	20.05.19 - 26.05.19
70	Жанасов к-сі, 27	жоқ	20.05.19 - 26.05.19
71	Жанасов к-сі, 31	жоқ	20.05.19 - 26.05.19
72	Жанасов к-сі, 39	жоқ	20.05.19 - 26.05.19
73	Жанасов к-сі, 45А	жоқ	20.05.19 - 26.05.19
74	Желтоқсан к-сі, 14	жоқ	20.05.19 - 26.05.19
75	Железнодорожный к-сі, 6	жоқ	20.05.19 - 26.05.19
76	Железнодорожный к-сі, 14	жоқ	20.05.19 - 26.05.19
77	Қазақбаев к-сі, 60	жоқ	20.05.19 - 26.05.19
78	Пушкин к-сі, 35 жат-на	жоқ	20.05.19 - 26.05.19
79	Рабочая к-сі, 3	жоқ	20.05.19 - 26.05.19
80	Рабочая к-сі, 5	жоқ	20.05.19 - 26.05.19
81	Рабочая к-сі, 22	жоқ	20.05.19 - 26.05.19
82	Рабочая к-сі, 24	жоқ	20.05.19 - 26.05.19
83	Сәтбаев к-сі, 47	жоқ	20.05.19 - 26.05.19
84	Сәтбаев к-сі, 77	жоқ	20.05.19 - 26.05.19
85	Сәтбаев к-сі, 79	жоқ	20.05.19 - 26.05.19
86	Сәтбаев к-сі, 81	жоқ	20.05.19 - 26.05.19
87	Сәтбаев к-сі, 83	жоқ	20.05.19 - 26.05.19
88	Сәтбаев к-сі, 85	жоқ	20.05.19 - 26.05.19
89	Целинная к-сі, 4	жоқ	20.05.19 - 26.05.19
90	Целинная к-сі, 6	жоқ	20.05.19 - 26.05.19
91	Целинная к-сі, 8	жоқ	20.05.19 - 26.05.19
92	Смайлов к-сі, 7	жоқ	20.05.19 - 26.05.19
93	Совхозная к-сі, 5	жоқ	20.05.19 - 26.05.19
94	Есеңберлин к-сі, 21	Надежда-1	27.05.19 - 02.06.19
95	Есеңберлин к-сі, 23	Надежда-1	27.05.19 - 02.06.19
96	Есеңберлин к-сі, 25	Надежда-1	27.05.19 - 02.06.19
97	Есеңберлин к-сі, 27	Надежда-1	27.05.19 - 02.06.19
98	Есеңберлин к-сі, 29	Надежда-1	27.05.19 - 02.06.19
99	Жәлел к-сі, 14	Надежда-1	27.05.19 - 02.06.19
100	Жәлел к-сі, 16	Надежда-1	27.05.19 - 02.06.19
101	Балхаш к-сі, 3	Әділет Жер	27.05.19 - 02.06.19
102	Балхаш к-сі, 5	Әділет Жер	27.05.19 - 02.06.19
103	Аманжолов к-сі, 1	Ақниет	27.05.19 - 02.06.19
104	Аманжолов к-сі, 3	Ақниет	27.05.19 - 02.06.19
105	Сәтбаев к-сі, 27	Ақниет	27.05.19 - 02.06.19
106	Сәтбаев к-сі, 29	Ақниет	27.05.19 - 02.06.19
107	Сәтбаев к-сі, 31а	Ақниет	27.05.19 - 02.06.19
108	Сәтбаев к-сі, 33а	Ақниет	27.05.19 - 02.06.19
109	Холмеший к-сі, 56	Ақниет	27.05.19 - 02.06.19
110	Холмеший к-сі, 58	Ақниет	27.05.19 - 02.06.19
111	Железнодорожный к-сі, 2	Әділет Жер	27.05.19 - 02.06.19
112	Железнодорожный к-сі, 4	Әділет Жер	27.05.19 - 02.06.19
113	Холмеший к-сі, 60	Ақниет	27.05.19 - 02.06.19
114	Холмеший к-сі, 62	Ақниет	27.05.19 - 02.06.19
115	Абай к-сі, 95	Жалғас	27.05.19 - 02.06.19
116	Абай к-сі, 97	Жалғас	27.05.19 - 02.06.19
117	Абай к-сі, 99	Жалғас	27.05.19 - 02.06.19
118	Сарыарқа к-сі, 16	Жалғас	27.05.19 - 02.06.19
119	Сарыарқа к-сі, 18	Жалғас	27.05.19 - 02.06.19
120	Сарыарқа к-сі, 20	Жалғас	27.05.19 - 02.06.19
121	Түсіпбеков к-сі, 15	Қасым	03.06.19 - 09.06.19
122	Түсіпбеков к-сі, 17	Қасым	03.06.19 - 09.06.19
123	Түсіпбеков к-сі, 19	Қасым	03.06.19 - 09.06.19
124	Түсіпбеков к-сі, 21	Қасым	03.06.19 - 09.06.19
125	Түсіпбеков к-сі, 23	Қасым	03.06.19 - 09.06.19
126	Қазақбаев к-сі, 62	Қасым	03.06.19 - 09.06.19
127	Сарыарқа к-сі, 2	Достық-Аян	03.06.19 - 09.06.19
128	Сарыарқа к-сі, 4	Достық-Аян	03.06.19 - 09.06.19
129	Сарыарқа к-сі, 6	Достық-Аян	03.06.19 - 09.06.19
130	Сарыарқа к-сі, 8	Достық-Аян	03.06.19 - 09.06.19
131	Бейбітшілік д-лы, 45	Светлана	03.06.19 - 09.06.19
132	Бейбітшілік д-лы, 47	Светлана	03.06.19 - 09.06.19
133	Алашахан д-лы, 2	Светлана	03.06.19 - 09.06.19
134	Алашахан д-лы, 4	Светлана	03.06.19 - 09.06.19
135	Алашахан д-лы, 6	Светлана	03.06.19 - 09.06.19
136	Абай к-сі, 79	Анна	03.06.19 - 09.06.19
137	Абай к-сі, 81	Анна	03.06.19 - 09.06.19
138	Жәлел к-сі, 3	Алтай	03.06.19 - 09.06.19
139	Жәлел к-сі, 5	Алтай	03.06.19 - 09.06.19
140	Жәлел к-сі, 7	Алтай	03.06.19 - 09.06.19
141	Жәлел к-сі, 9	Алтай	03.06.19 - 09.06.19
142	Есеңберлин к-сі, 57	Алтай	03.06.19 - 09.06.19
143	Есеңберлин к-сі, 63	Алтай	03.06.19 - 09.06.19
144	Некрасов к-сі, 5	Максим	03.06.19 - 09.06.19
145	Некрасов к-сі, 7	Максим	03.06.19 - 09.06.19
146	Холмеший к-сі, 74	Максим	03.06.19 - 09.06.19
147	Холмеший к-сі, 76	Максим	03.06.19 - 09.06.19
148	Холмеший к-сі, 78	Максим	03.06.19 - 09.06.19
149	Сәтбаев к-сі, 51	Максим	03.06.19 - 09.06.19
150	Балхаш к-сі, 7	Әділет Жер	10.06.19 - 16.06.19
151	Балхаш к-сі, 9	Әділет Жер	10.06.19 - 16.06.19
152	Железнодорожный к-сі, 8	Әділет Жер	10.06.19 - 16.06.19
153	Железнодорожный к-сі, 10	Әділет Жер	10.06.19 - 16.06.19
154	Железнодорожный к-сі, 12	Әділет Жер	10.06.19 - 16.06.19
155	Байқоңыров к-сі, 1	Анна	10.06.19 - 16.06.19
156	Байқоңыров к-сі, 3	Анна	10.06.19 - 16.06.19
157	Байқоңыров к-сі, 5	Анна	10.06.19 - 16.06.19
158	Байқоңыров к-сі, 7	Анна	10.06.19 - 16.06.19
159	Холмеший к-сі, 94	Анна	10.06.19 - 16.06.19
160	Холмеший к-сі, 96	Анна	10.06.19 - 16.06.19
161	Холмеший к-сі, 98	Анна	10.06.19 - 16.06.19
162	Сәтбаев к-сі, 75	Анна	10.06.19 - 16.06.19
163	Сарыарқа к-сі, 12	Достық-Аян	10.06.19 - 16.06.19
164	Сарыарқа к-сі, 14	Достық-Аян	10.06.19 - 16.06.19
165	Абай к-сі, 95а	Достық-Аян	10.06.19 - 16.06.19
166	Абай к-сі, 91	Жалғас	10.06.19 - 16.06.19

167	Гоголь к-сі, 10	Достық-Аян	10.06.19 - 16.06.19
168	Гоголь к-сі, 12	Достық-Аян	10.06.19 - 16.06.19
169	Девес к-сі, 1	Фортуна	10.06.19 - 16.06.19
170	Девес к-сі, 3	Фортуна	10.06.19 - 16.06.19
171	Девес к-сі, 5	Фортуна	10.06.19 - 16.06.19
172	Бейбітшілік д-лы, 67	Фортуна	10.06.19 - 16.06.19
173	Мира к-сі, 43	Янтарь	10.06.19 - 16.06.19
174	Алашахан д-лы, 3	Жаса	10.06.19 - 16.06.19
175	Алашахан д-лы, 5	Жаса	10.06.19 - 16.06.19
176	Момышұлы к-сі, 8 (Бейбітшілік д-лы, 39)	Жаса	10.06.19 - 16.06.19
177	Мира к-сі, 17	Әділет Жер	10.06.19 - 16.06.19
178	Бейбітшілік д-лы, 19	Үміт	10.06.19 - 16.06.19
179	Гарышкерлер д-лы, 7	Мадина-2006	10.06.19 - 16.06.19
180	Гарышкерлер б-ж, 11	Үміт	10.06.19 - 16.06.19
181	Гарышкерлер б-ж, 13	Үміт	10.06.19 - 16.06.19
182	Гагарин к-сі, 10	Үміт	10.06.19 - 16.06.19
183	Сәтбаев к-сі, 45	Максим	17.06.19 - 23.06.19
184	Сәтбаев к-сі, 49	Максим	17.06.19 - 23.06.19
185	Сәтбаев к-сі, 53	Максим	17.06.19 - 23.06.19
186	Сәтбаев к-сі, 55	Максим	17.06.19 - 23.06.19
187	Холмеший к-сі, 80	Максим	17.06.19 - 23.06.19
188	Гагарин к-сі, 66	Строитель-2006	17.06.19 - 23.06.19
189	Гагарин к-сі, 70	Строитель-2006	17.06.19 - 23.06.19
190	Гагарин к-сі, 72	Строитель-2006	17.06.19 - 23.06.19
191	Гагарин к-сі, 76	Строитель-2006	17.06.19 - 23.06.19
192	Гагарин к-сі, 78	Строитель-2006	17.06.19 - 23.06.19
193	Гагарин к-сі, 80	Строитель-2006	17.06.19 - 23.06.19
194	Гагарин к-сі, 82	Строитель-2006	17.06.19 - 23.06.19
195	Есеңберлин к-сі, 11	Надежда-1	17.06.19 - 23.06.19
196	Есеңберлин к-сі, 15	Надежда-1	17.06.19 - 23.06.19
197	Есеңберлин к-сі, 17	Надежда-1	17.06.19 - 23.06.19
198	Есеңберлин к-сі, 19	Надежда-1	17.06.19 - 23.06



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Ұлытау ауданы Алғабас елді-мекенінің тұрғыны сексеннің сегізін еңсеріп, жеңгізімен отау құрғанына 60 жыл толып отырған асқар таудай ағамыз Қабилбекпен әулетіміздің ұйытқысы болып отырған ақылгөй жеңгізі Тиыштықты мерейтойларымен құттықтай отырып, мына төмендегі өлең жолдарын арнаймыз.

Абзал аға, ару жеңгей, ардақтым, Алтыннан да, күмістен де салмақтым. Бауырлармен балларыңды қызықтап, Шуағына шомылғандар бар бақтың.

Қамқор ағам, өкеу болып жеңгізімен, Өсіп-өндің жаратқаным бергеннен. Арқа сүйер, бір – бәйтерек, бір – шынар, Біз жүреміз ата-анамнан кем көрмей.

Бауырларым қадірліңді шын ұққан, Той беруде бастарыңды ұлықтап, Аға-жеңгеім «Ақ орданмен» аман бол, Біз жүрейік асыр жаспен құттықтап!

Игі тілекпен: Ібни көкеңіздің әулеті.

ЖАС ТҮЛЕК – 2019

«Бала – балдан тәтті, оттан ыстық, күннен жарық, мамықтан жұмсақ», – дейді дана халқымыз. Ия, озық ойлы, саналы ұрпақ тек ата-анаға ғана көз қуаныш емес, бүкіл ұлтқа зор мақтанш, үлкен абырой.

ҮЗДІКТЕР МАРАПАТТАЛДЫ

«Бұл заман білекке емес, білімге сенетін заман. Заманауи әлемде елдің қуаты, ең алдымен білім мен ғылымда болатын уақытқа келді. Сол білімді қажетке, тұрмыс игілігіне жарата білуімізбен ғана бағаланады. Иәменен құдық қазғандай қиын да күрделі, орасан қажыр-қайрат пен ерік-жігерді талап ететін білімсіз өмір түл» деп бағдарлы елдің білімпаз жастарына айқын жол сілтеген еді Н.Назарбаев. Елбасының селкүсіз сенімін мойындарына артқан «Алтын белгі» және «Үздік аттестат» иегерлері 11 жылдық білімдерінің бағасын алып, еңбектерінің еш кетпегендігін шынайы сезінді. Биылғы оқу жылында Жезқазған-Сәтбаев қаласынан 49 «Алтын белгі», 41 «Үздік аттестат» иегері атанған тарланбоз шәкірт мектеп бітірді. «Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы Қарағанды филиалы «Байқоңыр» мейрамханасында ұлықтау кешін ұйымдастырды.



Түлектерге сәтті қадам мен ақ жол тілеуге арнайы келгендердің ішінде «Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы Қарағанды филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Шығысовпен қатар Жезқазған қаласы әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова, білім бөлімінің басшысы Жеңіс Әлмежанбетов, Сәтбаев қалалық мәслихаттың хатшысы Татьяна Химляручук бар. Олар аймағымыздың айбынды жастарына алда алар асылары көп болып, Жезқазғанның даңқын одан әрі асқақтата берулерін тіледі. «Алтын белгі» иегері атанған білімді шәкірттер қатарында Кеңгір селосының № 2 жалпы орта білім беретін мектебінің түлегі Сабина Әбілшова да бар. Ауылдық жерде білім алса да, ғылым-білімде шашауына шаң жұқтрмай жүрген алғыр қыз күні бүгінге дейін барынша қолдау көрсетіп келген ата-анасына және ұстаздарына алғысын білдіріп, барша үзегілес достарын қуаныштарымен құттықтап, үлкен өмірге жасаған қадамдарына сәттілік тіледі. Үздіктердің үздігіне арналған өсем кеш әуелген өң, көңілді бимен, қызықты ойындармен жалғасын тауып, қоштасу вальсмен қорытыланды. Айта кету керек, «Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы Қарағанды филиалы жылдағы дәстүрден жаңылмай үздіктерге түрлі номинациялар бойынша ақшалай сыйлық пен Алғыс хаттар тапсырды. Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ БҮЛДІРШІНДЕР «МАУГЛИДІ» ТАМАШАЛАДЫ

«Адамның бір қызығы – бала деген» деп Абай ағамыз айтып кеткендей, қамшының сабындай қысқа ғұмыр да адам баласының жақұты мен бақыты да, қызығы мен шыңығы да перзентіне, оның шат күлкісі мен ақ арнай қуанышына байланысты екендігі сөзсіз. Періштедей пәк бала көңілін бақытқа бөлегеннен артық игілікті іс жоқ шығар, сіре да?! Осы орайда, әрдайым жақсы істердің ұйытқысы болып, бүлдіршіндерді қуанышқа кенелтуден танбай жүрген мекемелердің бірі – «ҚазТрансОйл» АҚ.



Сәби күнінде ну орман ішінде жападан жалғыз қалып, Рақша атты аналық қасқыр бауырына басып, қасқырлар тобырына қосылған, Балу атты көреген аю ұстазы мен Багира есімді ақылды қабилан досының арқасында қатыгез жолбарыш Шерханның тырнағынан талай рет аман қалып, өмір үшін күресетін қайсар да ержүрек бала Маугли туралы білетін боларсыз. С.Қожамқұлов атындағы театрда Нобель сыйлығының иегері Редьярд Киплингтің «Джунгли кітабы» шығармасының сюжеті негізінде тек қана балалардың ғана емес, ересектердің де сүйікті ікеріне айналған «Маугли» қойылымы өтті. «ҚазТрансОйл» АҚ-ның бүлдіршіндерге қызықты да

пайдалы жазғы демалыс ұйымдастыру мақсатында өткізген шараға мектеп жанынан ұйымдастырылған жазғы тынығу лагерінің оқушылары мен қала бүлдіршіндері қатысты. Би билеу, ән айту және түрлі анимация кейіпкерлерімен ойындар ұйымдастыру арқылы басталған қызықты шара одан әрі «Маугли» қойылымын тамашалаумен жалғасты.

Режиссер Теміржан Жанботаевтың «Маугли» қойылымына театрымыздың білікті әртістерімен ғана жаз ертістерімен қатысып, үлкен шеберлікпен рөлдерін алып шыға білді. «Барлығына шынайы әрі шыншыл қарайтын балалар – ең қатал көрермен. Бүгінгі қойылымда кішкентай бүл-

діршіндер көңілінен шығып, жақсы әсер қалдыру үшін барымызды салдық», – деді бас кейіпкер Мауглидің рөлін сомдаған театр өртісі Нұржан Жарулла. – Бүгінгі күн маған және достарыма өте қатты ұнады. Біз бүгін биледік, ән айттық, түрлі ертегі кейіпкерлерімен сөйлестік. Олар бізге сыйлықтар сыйлады. Соның «Маугли» қойылымын тамашаладық. Мен бұрын Мауглиді теледидардан көретінмін, енді оның достары мен өзін көріп таң-тамаша болып отырмын», – деп қызықты демалыс сыйлаған ұйымдастырушыларға сүйкімді балақай Әлжан Ізтілеу өзінің және достарының атынан алғысын білдірді.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

«ТАБЫСТЫ ӘЙЕЛ – АЙМАҚ МАҚТАНЫШЫ»

атты іскер әйелдер кездесуі өтті



Сөзімді бас ақымымыз Абайдың «Әйел адам гүлмен тең» деген әсем теңеуімен бастап, колумбиялық әйгілі жазушы Габриэль Гарсиа Маркестің «Не іске де әйел араласса, бәрі жақсы аяқталатынына сенімдімін. Әйел өлемді басқаратынын түсіндім» деген пікірімен қоштағым келеді. Ия, қай дәуірде де игілікті іс жолында қайтпас қайсарлығымен танылған нәзік жандылар ерекше құрметке ие. Асыл жар, аяулы ана, майталман маман атанған әйелдер қауымы – бүгінгі қоғамның жетекші күші. Осы орайда гауһартастай қымбат, зұбаржаттай бағалы, жақұттай құнды, лағылдай әсем, меруерттей әдемі, замартастай сулу болмыстарымен Ұлытау-Жезқазған аймағының сөнін де, өрін де келтіріп жүрген нәзік жандылар тек аймағымыздың ғана емес, Отанымыздың абыройы екендігін мақтанышпен айта аламыз. Соның бірден-бір дәлелі – Жезқазған қаласының 65 жылдығына орай ұйымдастырылған «Табысты әйел – аймақ мақтанышы» атты іскер әйелдер кездесуі.

Келелі кездесудің бас кейіпкерлері болған әйелдер қауымына арналған кеш лимузинмен қаламыздың сәнді орындарын аралаумен басталып, қызыл кілемде жүріп өтіп, арнайы әзірленген дастарқанмен жалғасты. Өмір жолындағы өнегелі істерімен халық ықыласына бөленген ақын, ұстаз, филология ғылымдарының кандидаты, доцент,



Жезқазған қалалық мәслихатының депутаты, Жезқазған бизнес және кәсіп колледжінің директоры Светлана Жумкина бастаған нәзік жандылар толықтырып, кештің бар сән-салтанатын кіргізді. Кеш көркіне көрік қосқан аймағымыздың іскер әйелдері қатарында Нурия Жұмажанова, Раиса Архипова, Валентина Горбова, Сәуле Шауенова, Шолпан Шүйіншібаева, Надежда Дисекенова, Рахым Дірісова, Валентина Предеина, Гульсина Гареева, Лариса Цай, Марал Тілеужанова, Бақыт Битенова,

Надежда Синельникова, Гүлмира Перикенова, Рабига Егешева да бар.

Әсем әннің құшағында еліте би билеп, өзара тәжірибелерімен бөліскен жезқазғандық іскер әйелдер мен кеш қонақтары «Ақ әжелер» ансамблі мен «Жезқазған маржандары» хор ұжымы, «Любисток» ансамбльдерінің мүшелері Жезқазған қалалық «Аналар кеңесінің» төрайымы Зинаида Чумакованың алғыс хатымен марапатталды.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

БӘРЕКЕЛДІ!

БІЗДІҢ ҒАЛИЯ

республикалық турнирден жеңіспен оралды

Газетіміздің фототілшісі Ғалия Әбдіғалпарова «Türkistan» халықаралық газетінің 25 жылдығына орай журналистердің кәсіби мерекесі қарсаңында Алматы қаласында БАҚ қызметкерлері арасында үстел теннисінен өткен республикалық турнирде топ жарды.

Ғалияны аймақ жұртшылығы объективтіне іліккен талай сәтті кадрларынан ғана емес, сондай-ақ, спортта толғағай табыстарға қол жеткізген спортшы ретінде де жақсы таниды. Мектеп жасынан салауатты өмір салтын ұстанып, жанына үстел теннисі серік еткен ол облыс көлемінде «бірінші ракетка» екенін сан мәрте дәлелдеді. Күні кеше ғана облыстық «Арай» спартакиадасында біздің Ғалия бастап барған Жезқазған командасы 13 жылдың ішінде алғаш рет теннистен қала қоржынына алтын медаль салып, қуантқаны бар.

ҚР Үстел теннисі федерациясында өткен республикалық турнирде барша жезқазғандық БАҚ өкілдерінің намысын қолдан бермеген

еріптеміз алғашқы айналымда үш бірдей қарсыласын басымдықпен жеңді. Ақтық сында «Талдықорған» газетінің бас редакторы Данияр Сейсенбаевпен кездесіп, бас жүлдені сарапқа салды. Тартысты ойынның нәтижесінде Ғалия Әбдіғалпарова жеңіс тұғырынан көріне білді. Турнир қорытындысы бойынша «Талдықорған» газетінің бас редакторы Данияр Сейсенбаев II орын иеленсе, белгілі журналист, Сүлеймен Демірел университетінің оқытушысы Есенгүл Кәпқызы мен Алматы облыстық «Оғни Алатау» газетінің жауапты хатшысы Асхат Алтынбеков III орында еңшілдеді.

Еліміздің оңтүстік астанасында Жезқазған қаласы мен «Saryarqa»



газетінің абыройын асқақтатқан Ғалия Әбдіғалпарованы жеңісімен құттықтап, алдағы күндері де асығының алшысынан түсіне тілектестік білдіреміз. Өз тілшіміз

СЕМИНАР

«ҚАЗТЕСТ» ЖҮЙЕСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

қалалық семинар-тренингке арқау болды

Жезқазған қаласы мәдениет және тілдер дамуы бөлімі жанындағы «Тілтану» оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен «ҚАЗТЕСТ» жүйесінің ерекшелігі» атты семинар-тренинг өтті.

Семинар-тренинг мақсаты – «Қазақ тілін білу деңгейін бағалау бойынша «ҚАЗТЕСТ» жүйесін қолдану жұмысы» жөнінде толық ақпарат беру, тілдік бақылау сынақтарына дайындық құралдарының бағыты мен ерекшеліктеріне тренинг жүргізу арқылы тілдік білімді бағалаудың халықаралық талаптарға сәйкес қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесін іске асыру. Семинар-тренингті «Тілтану» оқу-әдістемелік орталығы қазақ тілі курсының оқытушысы Ақгүл

Ошағанова ашып жүргізді. Модератор «ҚАЗТЕСТ» жөнінде қатысушыларға толық мағлұмат бере алды.

«ҚАЗТЕСТ» қоғамның екпініне қарай шайқалмай, бір бағыт алғаннан кейін дүркін-дүркін су асты тастарына сүрінгеніне қарамастан, қазіргі таңда үлкен кемеге айналды. Қазіргі күнде «ҚАЗТЕСТ» – бұл республика аймақтарына толыққанды енген үдеріс деп айтуға болады. Мақсат бір – мемлекеттік тілді түрлі себептермен меңгермеген азаматтарды тіл үйренуге бағыттау, мекемелерде қазақ тілінде хат алмасу қиындықтарын жоя отырып, басқа тілде сөйлесетін қызметкерлердің тілдік білімін жетілдіру болып табылады.

Семинар-тренингке Жезқазған қаласы ішкі саясат бөлімі жастар ресурстық орталығының

кадр мәселесі жөніндегі маман Ізтелеу Бекенұлы, ортаға салды. Шара барысында тілдерді үйлестіру бойынша маман Гүлнұр Қанатқызы Жезқазған қаласында «ҚАЗТЕСТ» жүйесі бойынша атқарылып жатқан жүйелі жұмыстарды саралап айтып өтті.

Сонымен қатар, семинар-тренинг барысында «ҚАЗТЕСТ» жүйесінің мазмұндық құрылымы мен оның деңгейін бағалауға арналған тест тапсырмаларын орындау жолдарын түсіндіріп, қатысушылар тапсырмалар орындауға жұмылдырылды.

Семинар барысында тренинг бойынша жинақтанды ақпарат талданып, алдағы күндерге ұсыныстар тыңдалды. Барлық қатысушыларға сертификаттар табысталды. Ізтелеу ТҮСІП

СПОРТ

БАЛУАНДАР БОЗ КІЛЕМДЕ БЕЛДЕСТІ

«Ұлытау» спорт кешенінде қазақ күресінде 23 жасқа дейінгі жастар арасында Қазақстан Республикасының чемпионы өтті.

Бақ пен бап қоса сыналар бөйге барлығы 257 спортшы қатысты. Олардың 206-сы ер, 51-і қыздар арасындағы күресте белдесті. Күрестің бас тізгінін халықаралық дәрежедегі төреші Ғалым Күлекешов ұстады. Ерлер 8, қыздар 7 салмақ дәрежесінде бақ сынасты.

Бес күнге созылған халқымыздың ұлттық ойыны былайша қорытыланды: 55 келі салмақ дәрежесінде 29 спортшы шаршы алаңға шығып, I орынды қарағандылық Нұрлы Сағынтай, II орынды Асылбек Жамбыл, III орынды нұр-сұлтандық Наурызбай Нұржауов пен шымыкенттік Қалмұхан Тұрмаханбет өңшеледі. 60 келі салмақ дәрежесінде I орынды Жамбыл облысынан келген Ернұр Сүлеймен, II орынды алматылық Мирас Уалиев, III орынды қарағандылық Жандос Бейсенбаев пен Түркістан облысының балуаны Мадияр Жамбыл иеленді. 66 келі салмақ дәрежесінде белдескен балуандар нұр-сұлтандық Мұхаметали Ержан I орынды, қарағандылық Мағди Дүйсетай II орынды, Серікбол Хавдрасол мен жамбылдық Нұрболат Мырзанов III орынды қанағат тұтты. Ал 74 келі салмақ дәрежесі бойынша Шығыс Қазақстан облысынан келген Ерзат Арғынов I орынды, қостанайлық Ақжол Қазымбек II орынды, Алматы қаласының намысын қорғап келген Ғабдолла Оңалбай мен жамбылдық Жұмадолла Оңалбай III орынды қанжығалады. 82 келі қазақ күресі шеберлерінің көшін I орын иеленген шығыстық Санжар Ақылбек, II орынды сыр елінің тумасы Еңбек Сақтағанов пен шығыстық Руслан Жарқынбаев, III орынды қарағандылық Бекзат Еркемов жеңіп алды. Ал ауыр салмақта күрескен 90 келі салмақ дәрежесінде Алатаудың баурайынан келген Марат Кеңес I орынды, шығыстық Рауан Зәурәт II орынды, қызылордалық Нұрбек Дариалов пен алматылық Мерей Бердіғали III орынды өңшеледі. 100 келі салмақ дәрежесінде Батыс Қазақстанның намысын қорғаған Бекбайр Меңдешов I орынды, қызылордалық Спандияр Алмаханов II орынды, шығыстық Тимур Сайлаубаев пен қарағандылық Әділхан Қайыржанұлы III орынды қанағат тұтты. Қазақ күресінде басты балуандары саналатын 100 келіден артық салмақ дәрежесінде I орынды Шымкент қаласынан келген Нұр-сұлтан Қожалғали II орынды Алматы қаласынан келген Темірлан Шейнер, III орынды нұр-сұлтандық Аманжол Төле мен Павлодар облысынан келген балуан Бағустар Амри теңдей бөлісті. Ал түйе балуандар саясында Сарыарқаның тарланы, Қарағанды облысының намы-



сын қорғаған Әділхан Қайыржанұлы I орынды, Шымкент қаласының намысын қорғаған Жансұлтан Баубекұлы II орынды, Қызылорда облысының балуаны Спандияр Алмаханов пен Павлодар облысының білекті де белді балуаны Бағустар Амри III орынға ие болды. Бұрымды балуандарымыз да ерлерден еш қалыспады. Сонау сақ ханшайымының жалғасындай болған білекті де жүректі қыздырымыздың белдесуі чемпионаттың соңғы күнінде орын алды. 48 келі салмақ дәрежесінде тартысты күрес көрсете білген Қостанай облысынан Айсулу Жоламанова I орынды, қарағандылық Малика Хасенова II орынды, алматылық Аяна Зейноллақызы мен шымыкенттік Балкүміс Қалдыбек III орынды қанжығасына байлады. 52 келі салмақ дәрежесінде I орынды Алматы аруы Динара Бикен, II орынды ақмоалық Елена Хайруллина, III орынды павлодарлық Жанар Білалова мен шығыс сулуы Айсулу Қабдүлмәжітқызы қанағат өтті. 57 келі салмақ дәрежесінде белдескен балуан қыздарымыз, сонау Қостанайдың үмітін арқапал келген Жанасая Аманбаева I орынды, Алматының әсем аруы Динара Жолдасова II орынды, Ертіс жағалауы мен Сыр елінен келген Рысалды Ақшайықова мен Зүльфия Баянова III орынды бөлісіп елдеріне қуанышты хабармен қайтты. 63 келі салмақ дәрежесінде тартысты күрес көрсеткен сыр бойыншы арулары Гүлзат Ұрынбаева I орынды, Арайлым Ханзада II орынды, алматылық Мөлдір Қойбағар мен түркістандық Перизат Жәндүз III орынды қанжығалады. 70 келі салмақ дәрежесінде I орынды қызылор-

далық Гүлдерайым Алмағамбет, қостанайлық арулар Қалдығұл Бекет II орынды, Майя Кенжеғалиева алматылық қарсыласы Мақпал Санабекпен бірге III орынды місе тұтты. 78 келі салмақ дәрежесінде Шымкент қаласынан келген Ғалиябану Аманжанова I орынды, қызылордалық Алиса Нұртас II орынды, жамбылдық ару Перизат Ералыева мен Мөлдір Әшірбекова III орынды иеленді. 78 келіден жоғары салмақ дәрежесінде қазақ күресінің хас шеберлері атағын I орынды иеленген алматылық Арайлым Өневова, ақмоалық Жанар Табылова, III орынды қанжығалаған батыс арулары Мөлдір Ахметжанова мен Шынар Сүйіндікова иемденді.

– Бір аптадай уақыт ішінде Жезқазған қаласына үйренісіп қалдық. Бұл чемпионатқа мен 24 спортшы алып келдім. Сыйбас барынша өділ өтті. Спорт шебері атағы бар спортшылар бұл сыйбасқа қатыстырылмағандықтан, жас балуандарға үлкен мүмкіндік берілді. Екі спортшым I орынды иеленді, – деп қуанышты хабарын газетімізбен бөлісті Шығыс Қазақстан құрамасының намысын арқапал келген бас бапкері Думан Қыздарбек.

Айта кететін жайт, биыл 16 топ қатысқан қазақ күресінен Қазақстан чемпионатына «Спорт шебері» дәрежесін қазып бар спортшылар қатыстырылмады. I орынды иеленген балуандарымыз туған жерлеріне «Спорт шебері» мәртебелі дәрежесін иемденіп, зор қуанышпен қайтты.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН